

САРАПТАМА

ЖИДДА КЕЛІССӨЗІ:
Украина мен АҚШ ортақ
шешімге келе алды ма?

3

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №22 (6584) 14 наурыз, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz



РУХАНИЯТ

ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН ЖАҢАРУДЫҢ БАСТАУЫ

АМАЛ
МЕРЕКЕСІ

Құтты болсын!

8

Копияжы жасаған Нұрбосан ӨРІСҰЛЫ.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

БУРАБАЙДАҒЫ БАСҚОСУ

Ұлттық құрылтайдың IV отырысы басталды

Бүгін Бурабайда Ұлттық құрылтайдың IV отырысы басталды. Оған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысатынын Ақорда ресми мәлімдеген болатын. Айтулы жиында Президент сөз сөйлеп, Ұлттық құрылтай мүшелері қоғамдағы өзекті мәселелерге қатысты ұсыныстарын ортаға салады деп күтілуде.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы 2022 жылғы 16 наурызда Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Ұлттық құрылтай құруды ұсынған болатын. Бұл туралы Жарлыққа 15 маусымда қол қойылды.

Президент жанындағы кеңесші орган болып саналатын Ұлттық құрылтайдың бұған дейінгі отырыстары ұлт ұясы Ұлытауда (2022 жылы), киелі Түркістанда (2023 жылы) және тарихи өлке Атырауда (2024 жылы) өтті.

Алқалы отырыстар жаңа платформа ретінде қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылауға және шешімдер қабылдауға мүмкіндік берді. Мәселен, былтыр Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында көтерілген бастамалардың нәтижесінде 10 заң жобасы ұсынылып, 9 заң қабылданды.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ
БУРАБАЙ, 2025 ЖЫЛ

Сондықтан қоғамдық құндылықтарды жаңғырту үшін маңызды қадамдар жасап жүрген, ұлтты ұйыстырған Ұлттық құрылтайдың Бурабайдағы басқосуынан да күтеріміз көп. Сондай-ақ, қасиетті

Ораза айымен тұспа-тұс келіп, тіршілік атаулы жаңаратын өз-Наурыз қарсаңын да өтетінін де жақсылыққа балаймыз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

14.03.2025

Түнде:
 0,-2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:
 +11+13 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

15.03.2025

Түнде:
 +3+5 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:
 +13+15 °C
Көшпелі бұлтты,
жаңбыр.

16.03.2025

Түнде:
 +3+5 °C
Көшпелі бұлтты,
жаңбыр.

Күндіз:
 +13+15 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz





САРАПТАМА

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС:

Қазақстан халықаралық индексте алға жылжып келеді

Биыл ақпан айында Transparency International – Kazakhstan Қоғамдық қоры Қазақстанның халықаралық жемқорлық индексындағы орны жайлы ақпарат таратты. 2024 жылғы рейтингте еліміз 180 мемлекеттің ішінде 88-орынға табан тіреген. Бұл жағымды жаңалық екеніне қарамастан үкіметтік емес ұйым елімізді әлі күнге дейін жемқорлық тәуекелі жоғары мемлекеттер қатарында деп көрсеткен болатын. Белгілі деңгейде бұл пікірмен келісуге де болады. Алайда, соңғы жылдары жағдай жақсарғанын да жоққа шығармау қажет.

ОҢ ӨЗГЕРІСТІ ЖОҚҚА ШЫҒАРА
АЛМАЙМЫЗ

Халықаралық Transparency International үкіметтік емес ұйымы жыл сайынғы жемқорлық индексын жариялады. Рейтингте 180 мемлекет қамтылған. Тұрақтаған орның жоғарылаған сайын жемқорлық азаяды. Қазақстан 2024 жылы 180 елдің ішінде 88-орынға тұрақтаған. Еліміз соңғы 5 жылда индексте сенімді түрде алға жылжып келеді. 2019 жылы 113-орында едік. 2020 жылы біз жағдайды түзеп, 94-орынға көтерілгенбіз. Алайда, 2021 жылы 102-орынға түсіп қалдық. Бұл – алдағы саяси дағдарыстың белгісі болды.

Сол уақыттан бері қазірге дейін жағдай түзеліп келеді. Мұны ұйымның сарапшылары да айтуда. Мысалы, ұйымның Еуропа және Орталық Азия бойынша аймақтық кеңесшілері Қазақстан 2016 жылдан бері өз ұпайын 11-ге жақсартқанын жазған. 2024 жылы 40 ұпаймен 88-орынды иеленген.

Орталық Азиядағы ең жоғары көрсеткіш елімізге тиесілі. Төмендегі кесте Transparency International ұйымының ресми сайтындағы ақпаратқа сүйеніп жасалды. Онда Орталық Азия елдерімен қоса көршілері Қытай мен Ресейдің көрсеткіштері салыстыру үшін берілді. Қазақстан

41	Burkina Faso	82
41	Cuba	82
41	Hungary	82
41	South Africa	82
41	Tanzania	82
40	Trinidad and Tobago	82
40	Kazakhstan	88
40	North Macedonia	88
40	Suriname	88
40	Vietnam	88
39	Colombia	92
39	Guyana	92
39	Tunisia	92
39	Zambia	92



Инфографиканы әзірлеген Нұрбосын Ермұлы.

7 мемлекеттің ішінде Қытайдан кейінгі орынды иеленген. Алайда, Қытайда соңғы 4 жылда кері кету байқалады.

Еліміз Орталық Азия аймағында көш бастап тұр. Екінші орында Өзбекстан. Соңғы жылдары индексте баяу болса да жоғарылауда. Ал қалған аймақ елдерінде кері кету байқалады. Мұндай процесс Ресейде де байқалуда.

Мемлекеттер	2021	2022	2023	2024
Қазақстан	102	101	93	88
Ресей	136	137	141	154
ҚХР	66	65	76	76
Өзбекстан	140	126	121	121
Қырғызстан	144	140	141	146
Тәжікстан	150	150	162	164
Түрікменстан	169	167	170	165

РЕЙТИНГКЕ ДЕ СҰРАҚ БАР

Әлемде мемлекеттерді салыстыратын түрлі рейтингтер бар. Олар халықаралық, аймақтық ұйымдар, азаматтық бастамалар негізінде жасалады. Сонымен қатар, барлық салаларды қамтиды. Әрқайсысының жасалу әдіснамасы бар. Және де олардың қорытындыларына догма ретінде қарауға болмайды. Себебі, сырттай көрген мен іштей білгеннің арасында айырмашылық бар.

Transparency International ұйымының тек өзіне тән әдіснамалық базасы қалыптасқан. Әр мемлекет бойынша ақпарат кем дегенде, 3 дереккөзден алынады. Оның ішінде 13 сауалнама мен зерттеу еңбектері кіреді. Сонымен қатар, Бүкіләлемдік банк пен Бүкіләлемдік экономикалық форумның мәліметтері де алынады. Осылайша жемқорлықты қабылдау индексі құрастырылады.

Индекстің әдіснамасындағы басты артықшылық әрі кемшілік тек мемлекеттік сектордағы жемқорлық деңгейін анық-

тайды. Артықшылық дейтініміз, жүйелі жемқорлық мемлекеттік деңгейде болатынында. Ал кемшілігі қоғамдық факторды ескермейтінінде. Жемқорлық тек мемлекеттік қана емес, тұрмыстық деңгейде болуы мүмкін. Сондықтан мемлекеттік сектордан бөлек, азаматтардың не үшін пара береді деген сұраққа жауап іздеген де артық етпес.

Сонымен қатар, тек зерттеушілер мен кәсіпкерлердің ғана пікірі ескеріледі. Яғни өзге азаматтардың пікірі ескерілмейді. Бұдан шығатын қорытынды – кез келген рейтингке абсолют шындық деп қарауға болмайды.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

СТАТИСТИКА

АЛМАТЫДАҒЫ
КҮНКӨРІС ДЕҢГЕЙІ
ҚАНДАЙ?

Статистика департаментінің мәліметінше, 2025 жылдың I тоқсанында қаладағы күнкөріс деңгейі 55 470 теңгені құрады.

Бұл көрсеткіш адамның негізгі қажеттіліктерін, атап айтқанда, азық-түлік, коммуналдық қызметтер, көлік шығындары және басқа да тұрмыстық қажеттіліктерін өтеуге арналған минималды соманы көрсетеді. Сонымен қатар, кедейлік шегі 38 829 теңге болып белгіленді. Бұл табысы осы деңгейден төмен азаматтардың ресми түрде кедейлік санатына жатқызылатынын білдіреді.

Салыстырмалы түрде күнкөріс деңгейінің артуы инфляцияның әсерінен болуы мүмкін. Әсіресе, азық-түлік бағалары мен коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсуі халықтың тұрмыс сапасына айтарлықтай әсер етеді.

Экономистердің пікірінше, мегаполис тұрғындарының нақты табыстары мен өмір сүру деңгейін жақсарту үшін әлеуметтік бағдарламалар мен еңбек нарығын дамыту маңызды рөл атқарады. Мемлекет тарапынан жасалатын қолдау шаралары халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталуы тиіс.

Әзірлеген Қ.ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

АҚШАНЫ ҚАЛАЙ БАСҚАРУ КЕРЕК?

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұржігіт НҰРБОЛАТ, қаржыгер:

КІРІС ПЕН ШЫҒЫСТЫ ЕСЕПКЕ АЛУ –
ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ НЕГІЗІ

Қаржылық сауаттылық – табысымыз қанша болса да, оны тиімді басқару қабілеті. Ақшаны дұрыс жұмсауды үйренсеңіз, кез келген жағдайда қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуге болады. Табыс тауып отырған әрбір адам ақшаны үнемдеу мен жинақтаудың тиімді тәсілдерін меңгеруі қажет. Ақшаны жинақтау – қаражаттан бас тарту емес, оны дұрыс бөлу және жоспарлау. Бюджетті бақылау, яғни кіріс пен шығысты есепке алу – қаржылық тұрақтылықтың негізгі қағидаларының бірі.

Қаржылық қателіктерден қалай сақтанамыз? Адамдар жіберетін басты қателік – қаржылық жоспарсыз өмір сүру. Табысты жүйесіз жұмсау және ұзақ мерзімді мақсаттарды ескермеу материалдық қиындықтарға алып келеді. Мұндай жағдайдан сақтану үшін қажетсіз несие алмау; қаржылық қауіпсіздік қорын құру; өзіңізге инвестиция жасау; эмоциялық шығындардан аулақ болу, яғни ойланбай жасалатын сатып алуларды болдырмау. Және барлық қаражатты бір жерде ұстамау керек, оларды әртүрлі активтерге бөлген (банк депозиттері, жылжымайтын мүлік, бизнес) жөн.

Отбасылық бюджетті басқару: отбасылық қаржы дұрыс жоспарланбаған жағдайда бюджеттік қиындықтар мен кикілжіңдер жиі болады. Сондықтан отбасылық бюджетті тиімді басқарудың жолдарын білген абзал. Ол үшін бірнеше әдіс бар. Біріншіден, бюджетті бірге жоспарлау, яғни барлық кіріс пен шығынды отбасы мүшелерімен бірге талқылау маңызды. Екіншіден, күтпеген шығындарға арналған қор жасақтау, яғни табыстың кемінде 10%-ын төтенше жағдайларға сақтап қою. Үшіншіден, күнделікті шығындарды оңтайландыру – өмір сапасына зиян келтірмей үнемдеудің жолдарын табу.

Қазіргі таңда өз кәсібін бастап, тез байып кетемін деп ойлайтын кәсіпкерлер жеке және бизнес қаржысын араластырмағаны дұрыс, яғни бизнестің ақшасын жеке қажеттіліктерге жұмсамау керек. Есеп беру мен қаржылық бақылауды автоматтандыру, қандай да бір шешім қабылдауды жеңілдету және әрдайым «Б» жоспарын дайындау маңызды.

Әзірлеген Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.



ЖИДДА КЕЛІССӨЗІ:

Украина мен АҚШ ортақ шешімге келе алды ма?

Украина 30 күн бойына соғысты тоқтатуға келісті

Жаһандық саясаттың басты ерекшелігі – күн сайын өзгеріп отыруында. Әлемнің назарын аударған В.Зеленский мен Д.Трамп арасындағы Ақ үйде өткен «дипломатиялық тартыстан» екі апта өткен соң, украиналық және америкалық дипломаттар Сауд Арабиясының Жидда қаласында келіссөздер жүргізді. Сегіз сағатқа созылған кездесудің нәтижесінде Украина алғаш рет АҚШ тарапынан ұсынылған 30 күндік соғысты тоқтату және келіссөздерге қайта оралу туралы ұсынысты қабылдады.

Сәйкесінше, АҚШ тарапы бұған дейін тоқтатылған қорғаныс саласындағы қаржыландыруды қайта жандандырып, арнайы қызметтер арасында ақпарат алмасуды жалғастыратын болды. Келіссөздердің басты ерекшелігі – осыған дейін қауіпсіздік кепілдігінсіз ешбір келісімге келмейтінін мәлімдеген ресми Киевтің бұл жолы «30 күндік кідіріс» стратегиясын бірауыздан қолдауы болды.

Жалпы, отандық БАҚ-та Украинадағы қақтығыс мәселесінің жүйелі түрде жазылуының басты себебі – оның аймақтық геосаяси тәртіпке ықпалы мен салдарын талдау қажеттілігі. Сондықтан мақаламызда Жидда қаласында өткен келіссөздердің нәтижесінің Украинадағы бейбітшілікке әсерін талдап көрелік.

• **АҚШ тарапынан ұсынылған 30 күндік бейбітшілік жобасының нәтижелі болуы – ресми Мәскеудің ұстанымына тікелей байланысты. Кеше баспасөз мәслихатында**

Д.Трамп осы аптада қауіпсіздік бойынша кеңесшісі Стив Уиткоффың Мәскеуге баратынын мәлімдеді.

• **Bloomberg басылымының мәліметінше, апта соңында америкалық және ресейлік дипломаттардың келіссөз үстеліне отыруы жоспарланған. Нақты қай қалада өтетіні әзірге жарияланған жоқ.**

• **11 наурызда Украина президенті Сауд Арабиясына ресми сапармен барып, тақ мұрагері Мохаммед бин Салманмен кездесті.**

• **Қазақстан халықаралық кез келген саяси қақтығысты дипломатиялық келіссөздер арқылы шешу керек деген ұстанымының маңыздылығын дәлелдеп келеді.**

Кең ауқымды тақырыптар қамтылды

Қызыл теңіз жағалауындағы портты қала Жиддада өткен сегіз сағаттық келіссөзден кейін қос тарап баспасөз мәлімдемесін жасады. Мәлімдемеде негізінен ортақ қол жеткізілген келісім туралы айтылғанымен, талқылау ба-



(Дереккөз: www.hindu.com).

рысында екі тараптың кең ауқымды тақырыптарды қамтығаны анықталды. Жидда қаласында өткен бұл келіссөздің басты ерекшелігі – нақты келісімдерге қол жеткізуі болды. Енді басты назар аударатын жайттарға тоқталсақ. Біріншіден, соңғы екі апта бойы «кідіріс» деңгейіне түсіп, алыс-тай бастаған Украина мен АҚШ арасындағы байланыс қайта қалпына келтірілді. Украина президенті В.Зеленский АҚШ пен Украина қарым-қатынасының әлсіреуі кейбір елдерге тиімді болуы мүмкін екенін атап өтті, бірақ Киев стратегиялық әріптестігін сақтап қалуға ниетті екенін білдірді.

Нәтижесінде, украиналық дипломаттар алғаш рет қауіпсіздік кепілдігінсіз Д.Трамп әкімшілігі ұсынған келіссөзді қабылдап, тіпті сирек кездесетін металдар бойынша келісім жасауға дайын екенін мәлімдеді. Бұл келіссөздер Украина бейбітшілікке ұмтылатынын көрсеткенімен, оның қаншалықты тиімді болатыны осы аптада өтетін АҚШ пен Ресей дипломаттарының келіссөзіне тікелей байланысты. Ресей үшін де соғысты ұзақ мерзімге созу тиімсіз. Дегенмен, Washington Post басылымының жазуынша, ресми Мәскеу ұсынылған жоспарды қосымша шарттармен қабылдауы мүмкін. Егер ұсынылған 30 күндік бейбітшілік мерзімі қабылданса, оның тағы бір белгісіз мерзімге ұзартылуы мүмкін. Алайда, алдағы уақытта қақтығыстың қайта басталмайтынына ешкім кепілдік бере алмайды.

Екіншіден, Жидда қаласында өткен келіссөздің маңызды жетістігі – АҚШ мемлекеттік хатшысы Марко Рубио атап өткендей, келесі дипломатиялық қадам ресми Мәскеуде жасалуы тиіс. Осы аптада Ақ үйдің арнайы өкілі Стив Уиткофф Мәскеуге келіп, келіссөздер жүргізеді. Келіссөз нәтижесі қандай болса да, бұл қадам Мәскеуде дөңгелек үстел форматында келіссөздерді бастауға негіз қалауы мүмкін. Сонымен қатар, Д.Трампың дипломатиялық әлеуеті мен Мәскеумен тиімді келіссөздер жүргізу қабілеті сынға түспек. Бейсенбі күні ол журналистерге берген сұхбатында, егер Ресей бұл ұсыныстан бас тартса, ауқымды экономикалық санкциялар енгізілетінін мәлімдеді. Қалай болғанда да, Марко Рубио BBC журналистіне берген сұхбатында атап өткендей, халықаралық саясатты футболға теңесек, ендігі «доп Мәскеуде». Делегациялар сондай-ақ бітімгершілік процесінің бір бөлігі ретінде гуманитарлық миссиялардың маңыздылығына тоқталды. Атап айтқанда, қақтығысты тоқтату кезінде әскери тұтқындармен алмасу, заңсыз ұсталып отырған бейбіт тұрғындарды қайтару және күштеп қоныс аударылған украиналық балаларды елге қайтару мәселелері қарастырылды. Екі тарап та Украинаның ұзақ мерзімді қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тұрақты бейбітшілікке қол жеткізу үшін келіссөз жүргізетін топтардың құрамын анықтап, келіссөздерді дереу бастауға келісті. Америка Құрама Штаттары бұл нақты ұсыныстарды ресейлік өкілдермен талқылауға міндеттенді. Украина делегациясы еуропалық әріптестерінің бітімгершілік процесіне белсенді қатысуы қажеттігін тағы да баса айтты.

«Орта держава» елдерінің медиаторлық әлеуеті маңызды

Делегациялар бітімгершілік процесінің маңызды бөлігі ретінде гуманитарлық миссиялардың рөлін ерекше атап өтті. Атап айтқанда, қақтығысты тоқтату кезінде әскери тұтқындарды алмасу, заңсыз ұсталған бейбіт тұрғындарды босату және күштеп қоныс аударылған украиналық балаларды қайтару мәселелеріне на-

зар аударылды. Екі делегация да Украинаның ұзақ мерзімді қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тұрақты бейбітшілікке қол жеткізу үшін келіссөз жүргізетін топтардың құрамын анықтауға және келіссөздерді дереу бастауға келісті. Америка Құрама Штаттары бұл нақты ұсыныстарды ресейлік өкілдермен талқылауға міндеттенді. Сонымен қатар, Украина делегациясы еуропалық әріптестерінің бітімгершілік процесіне белсенді қатысуының маңыздылығын тағы да баса айтты.

Жидда қаласында өткен АҚШ пен Украина арасындағы келіссөздер халықаралық дипломатиядағы маңызды қадамдардың бірі. Бұл бейбітшілікке ұмтылыстың белгісі болғанымен, оның табысты жүзеге асуы Ресейдің ұстанымына да байланысты. Егер Мәскеу бұл бастаманы қолдаса, келіссөздер ұзақ мерзімді тұрақтылыққа ықпал етуі мүмкін. АҚШ өз тарапынан Украинаға әскери көмек пен барлау ақпараттарымен бөлісуді қайта жандандыруға келісті. Сонымен қатар, келіссөз барысында Украина мен АҚШ стратегиялық минералдық ресурстарды бірлесіп игеру туралы келісім жасауға ниет білдірді. Бұл тек әскери ғана емес, экономикалық әріптестікті нығайтудың белгісі деп білеміз.

Қазақстан бұл қақтығысты дипломатиялық жолмен шешуді әрдайым қолдап келуде. Қазақстан халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау үшін медиаторлық рөл атқаруға дайын екенін бірнеше рет көрсетті.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран»
университеті.





ӘКІМ

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК КЕҢЕЙЕ ТҮСЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Бостандық ауданының тұрғындарымен кездесті. Аудан тұрғындарымен кездесуде қала басшысы білім беру инфрақұрылымын дамыту шараларына тоқталып, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында биыл 4 мың орынға арналған 2 жаңа мектептің құрылысы аяқталатынын жеткізді.

— Биыл қыркүйек айында №73 мектеп ғимаратын қайта жаңарту және 450 орынға арналған қосымша ғимарат құрылысын аяқтау жоспарланған. 2025 жылдың соңына дейін №10 мектеп-интернаты мен №189, №191 мектептері сейсмикалық тұрғыда нығайтылып, күрделі жөндеу жұмыстары аяқталады, сондай-ақ, Республикалық физика-математика мектебінің ғимараты реконструкциялаудан өтеді. Балалардың қосымша білім алуы мен дамуына қолайлы жағдай жасау мақсатында бұған дейін Вахтангов көшесінде орналасқан 1964 жылы салынған Оқушылар үйінің ескі ғимаратын бұзу туралы шешім қабылданған болатын. Оның орнына барлық заманауи стандартқа сай жаңа ғимарат салынды. Сәуір айында біз балаларымыз үшін ашуды жоспарлап отырмыз, — деді Ерболат Досаев.

«АТАКЕНТ» АУМАҒЫ ЖАҢҒЫРАДЫ

Қалада қоғамдық кеңістіктерді көркейту және жайлы қалалық орта құру жұмыстары жүйелі түрде жалғаса береді. Бұл туралы сөзінде Ерболат Досаев:

— Былтыр қазан айында Үлкен Алматы өзенінің жағалауын су бөлгіштен Абай даңғылына дейінгі 5,7 шақырымдық аумақта реконструкциялау жұмыстары басталды. Жоба аясында бетон тіреуіш құрылымдарын толық жаңарту, жаяу жүргіншілер көпірлерін, балалар және спорт алаңдарын, көше жиһаздарын орнату және веложолақтар салу қарастырылған. Бұл жұмыстарды 2026 жылдың сәуір айында аяқтауды жоспарлап отырмыз, — деп мәлімдеді.

Шаһар басшысының айтуынша, биыл мамыр айында тағы үш қоғамдық кеңістікті көркейту бойынша ауқымды жұмыс басталады. Олар: «Атакент» аумағын реконструкциялау, «Оңтүстік» саябағының солтүстігіндегі жасыл аймақты көркейту, «Нұр-Алатау» шағынауданындағы скверді көркейту. Ал мамыр айында Республика алаңындағы субұрқақ кешендеріне күрделі жөндеу жұмыстары басталып, оларды 2025 жылдың қазан айында аяқтау жоспарланып отыр.

ЖЕРҮСТІ-ЖЕРАСТЫ ӨТКЕЛІ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ

Ерболат Досаев мәлім еткендей, былтыр Бостандық ауданында 33 көшеде 30,5 км жол орташа жөндеуден өткен. Биыл тағы 26 көшеде 30,3 км жол жөнделеді. Одан бөлек, 2025 жылы тағы 30 мың шаршы метр жолды жөндеу және 24,4 км арық жүйесін салу жоспарланған.

— Инклюзивті ортаны құру мақсатында биыл мамыр айында 5 жерүсті және 12 жерасты жаяу жүргіншілер өткеліне күрделі жөндеу жүргізіледі. Жөндеу барысында жеделсатылар мен көтергіш құрылғылар жаңартылады. Жұмыс жыл соңына дейін аяқталады, — деді қала әкімі.

Ауданда қоғамдық көлік қызметінің сапасын арттыру бойынша атқарылып

жатқан жұмыстар туралы да хабарлады. Өткен жылы қоғамдық көлік паркі 66 жаңа автобуспен толықты, бұл 25 қолданыстағы маршрутты жаңартуға және қосымша автобус қосуға мүмкіндік берген. 2025 жылдың мамыр айында тағы 18 жаңа автобус 8 маршрутқа қосылады. Бұған қоса, ауданда тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылы 26 «Сергек» аппараттық-бағдарламалық кешені және 1100 бейнебақылау камерасы орнатылды.

25 МЫҢ ТҰРҒЫН САПАЛЫ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ

Аудан тұрғындарын үздіксіз сумен және су бұрумен қамтамасыз ету үшін 2025 жылдың соңына дейін 4 көшеде

6,2 км инженерлік желі салу жұмыстарын аяқтау жоспарланған. Бұл туралы шаһар басшысы аудан тұрғындарымен кездесу барысында мәлімдеді.

Оның айтуынша, инженерлік инфрақұрылымды кешенді дамыту аясында және ауданның оңтүстік бөлігінің 25 мыңнан астам тұрғынын тұрақты сумен және су бұрумен қамтамасыз ету үшін 2025 жылдың мамыр айында өнімділігі тәулігіне 9 мың текше метр болатын «Ерменсай» су қоймасын салу бойынша ауқымды жобаны іске асыруды бастау жоспарланып отыр. Тиісті жұмыстар 2026 жылдың соңында аяқталады.

Сондай-ақ, қала әкімі жаңа емхана-лардың құрылысы туралы хабарлады.

— Алдыңғы кездесулерде уәде етілгендей, наурыз айында біз Серкебаев даңғылы мен Левитан көшесінің қиылысында 500 адам қабылдайтын емхана салуға кірістік. Жұмыстарды ағымдағы жылдың қараша айының соңына дейін аяқталады. Бұдан басқа, 2025 жылғы маусымда мемлекеттік сараптаманың қорытындысын алғаннан кейін әл-Фараби даңғылы мен Санаторная көшесінің қиылысында 500 адам қабылдайтын екінші емхананың құрылысы басталады, — деді Ерболат Досаев.

«ТАУЛЫ АЙМАҚТА ҚҰРЫЛЫСҚА РҰҚСАТ БЕРМЕГЕНІМ ҮШІН КӨП ЖАУ ТАПТЫМ»

Бұл — Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Бостандық ауданы тұрғындарымен кездесудегі сөзі. Бұл мәлімдемесін «Ерменсай» шағынауданында көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысына қатысты сұрақтарға жауап берген кезде ортаға салды. Заңсыз құрылыстарға жол бермеу бойынша қазір қала басшылығының позициясы мығым. Бұл туралы сөзінде:

— Белгілі бір ауданда тұрғын үй кешендерінің құрылысына мораторий енгізу заң жүзінде мүмкін емес. Бірақ біз бұл мәселені реттеп отырмыз. Соңғы бірнеше жылда қанша жобаны мақұлдаудан бас тартқанымызды елестете де алмайсыздар. Қалада менің таулы аймақта құрылыс жүргізуге рұқсат бермегенім үшін жауым көбейді, — деді Ерболат Досаев.

Сонымен қатар, заңдағы олқылық құрылыс компанияларына жеке тұрғын үйге арналған жерлерге аз қабатты кешендер салуға мүмкіндік беріп отыр.

— Біз заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар енгіздік және өз тарапымыздан құрылыс ережесін қатаңдаттық. Қазіргі уақытта бұл ереже тау бөктерін тегістеуге, таулы аймақтағы жоталар жолағында, соның ішінде еңісі 15 градустан жоғары жерлерде құрылыс жүргізуге тыйым салды, — деді Алматы қаласының әкімі.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.



● КЕРЕК ДЕРЕК

- Бостандық ауданында биыл 4 мың орынға арналған 2 жаңа мектептің құрылысы аяқталады.
- Осы жылы аудандағы 26 көшеде 30,3 шақырым жол жөнделеді.
- 2025 жылдың мамыр айында тағы 18 жаңа автобус 8 маршрутқа қосылады.
- Бостандық ауданының бюджеті биыл 1 млрд теңгеге ұлғайып, 30,1 млрд теңгеге жетті.
- 2024 жылы ауданда 13 мыңға жуық тұрақты жұмыс орны құрылды.
- Ауданда әрқайсысы 500 адам қабылдайтын екі емхана салынады.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ҒЫЛЫМ – ӨРКЕНИЕТ ЕСІГІ

Қазақстанда ғылыми қызметкерлер саны 25 мыңнан асты

Елімізде соңғы жылдары ғылыми зерттеулерді қаржыландыру айтарлықтай ұлғайды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ғылыми ұйымдар жаңғыртылды және шетелде тағылымдамалар саны артты.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, ғылымды мемлекеттік қаржыландыру 2025–2027 жылдарға 531,1 млрд теңгеге дейін ұлғайтылған. Ғылымды дамытуға және сатып алу рәсімдерін жеңілдетуге бағытталған заңдар қабылданды. Сонымен қатар, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Ғылым академиясының жоғары ғылыми ұйым түріндегі жаңа мәртебесі берілді.

Одан бөлек, ғылыми қызметкерлердің мәртебесін арттыру үшін ғылыми ұйымдар қызметкерлерінің жалақысы 18%-ға ұлғайтылды, ал ғылыми атақтар үшін қосымша ақылар 50 АЕК-ке дейін өсті. Жалпы, елде ғылыми зерттеулермен 425 ұйым айналысады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда, 11-ге көп. Ғылыми қызметкерлер саны 25,4 мың адамға жетті, оның 46%-ы жас ғалымдар.

– Мемлекет ғалымдарға, оның ішінде жас ғалымдарға жан-жақты қолдау көрсетеді. Президенттің тапсырмасы бойынша олардың әлеуметтік мәртебесін арттыру және ғылымға жас кадрлардың келуін ынталандыру мақсатында 2024 жылы 315 жас ғалым пәтер алды. Оның 290-ы «От-

басы банкімен» бірлесіп іске асырылатын арнайы ипотекалық бағдарлама аясында, ал 25-і өтеусіз негізде тұрғын үй алды. 2025 жылдың басынан бастап 36 жас ғалым тегін негізде пәтер алды, – деп хабарлады Ғылым және жоғары білім министрлігінен.

Айта кеткен жөн, Мемлекет басшысының әлемнің жетекші зерттеу орталықтарында 500 ғалымның жыл сайынғы тағылымдамадан өтуін қамтамасыз ету туралы тапсырмасын орындау үшін шетелде ғылыми тағылымдамалар бағдарламасы

іске қосылды. Бүгінгі таңда осы тапсырманы іске асыру аясында 1475 тағылымдама берілді. Сондай-ақ, «Жас ғалым» бағдарламасы жүзеге асырылуда. 2021–2024 жылдар аралығында гранттық қаржыландыруға 16 конкурс өткізілді, соның нәтижесінде 2 мыңнан астам ғылыми жоба іске асырылды. Жыл сайын ғылымға қосқан үлесі және ғалымдарды ынталандырғаны үшін 2000 АЕК мөлшерінде 50 «Үздік ғылыми қызметкер» сыйлығы беріледі.

Докторларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы да өсіп келеді. Мәселен, егер 2022 және 2023 жылдары докторантураға берілетін гранттар саны 1815 және 1919 грант болса, 2024 жылы 2919 грант бөлінді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ғалымжан КЕРІМБЕК, экономика ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор:

ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА КӨҢІЛ БӨЛІНДІ

Бүгінгі күні азаматтарымызды, әсіресе, жастарымызды алдымен әлеуметтік жағдайы алаңдатады. Олар ғылыммен айналысқаннан гөрі күнделікті табыс табу үшін компанияларға жұмысқа тұруды не кәсіпкерлікпен айналысуды жөн көрді. Себебі, ғылымда табыс көзі төмен болды. Сондықтан мемлекет қазіргі уақытта жалпы ғылымды қаржыландыруды ұлғайтып, жас ғалымдарға әртүрлі көмек түрін ұсынып отыр. Ғылыммен айналысамын деген жастарға шетелдік тағылымдама, әлеуметтік көмек, баспана беру деген секілді қолдау көрсетіліп жатыр. Соның арқасында еңбектеніп, ғылымда белгілі бір жетістікке жетіп отырған жас ғалымдар да көбейіп келеді.

Мөлдір ӘБДІРАЙЫМОВА, PhD, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының жанынан құрылған Жас ғалымдар кеңесінің президиум мүшесі:

ҒАЛЫМДАРҒА АРНАЛҒАН ГРАНТТАР КӨБЕЙДІ

Мемлекет ғылыми зерттеулер мен жобаларды қаржыландыру үшін жыл сайын гранттар бөлуді арттырып келеді. Жыл сайын жас ғалымдардың іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеулерін қаржыландыруға арналған «Жас ғалым» жобасы және 40 жасқа дейінгі ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурстар жарияланады. Бұл жас ғалымдарға ғылыми жұмыстарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, ғылыми-зерттеу институттары мен университеттерде заманауи зертханалар мен жабдықтарды жаңартуға бағытталған инвестициялар артуда. Бұл жас ғалымдарға ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға мүмкіндік береді. Атап айтар болсақ, мемлекеттің қолдауымен ҚазҰҚПУ базасында «Пән-аралық ғылыми-зерттеу» орталығы ашылды. Орталық елімізде жоқ заманауи ғылыми қондырғылармен жабдықталды, бұл жас ғалымдар үшін керемет мүмкіндік.

Әзірлеген Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ӨНЕР-ҒЫЛЫМ

КВАНТТЫҚ МЕХАНИКА
МЕН МУЗЫКА

Рахат-Би Әбдісағин ерекше дәріс өткізді

Қазақстан-Британ техникалық университетінде ерекше ғылыми-мәдени іс-шара өтті. Белгілі композитор, пианист, өнертану ғылымдарының магистрі Рахат-Би Әбдісағин өз лекциясын оқыды. Іс-шара кванттық механиканың 100 жылдығына, арнайы салыстырмалылық теориясының 120 жылдығына және ғылым мен өнердің байланысын зерттеуге арналды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕКОВ.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Жиын барысында Рахат-Би Әбдісағин ғылым мен музыка арасындағы терең байланыс туралы сөз қозғады:

– Биылғы жыл ғылым аясында маңызды оқиғалар атап өтілуде: кванттық механиканың 100 жылдығы, арнайы салыстырмалылық теориясының 120 жылдығы. Нобель сыйлығының лауреаты, америкалық физик Стивен Вайнберг өз еңбектерінің бірінде музыка адамзат зерттеген алғашқы объектілердің бірі болуы мүмкін екенін атап өткен, – деді Рахат-Би Әбдісағин.

Ғылым мен өнердің үндестігі

Рахат-Би Әбдісағин – тек музыкант қана емес, сонымен қатар ғылыми зерттеулермен айналысатын ғалым. Оның Springer Nature баспасынан жарық көрген «Quantum Mechanics and Avant-Garde Music: Shadows of the Void» кітабы – осы бағыттағы терең еңбектің нәтижесі. Лекция барысында ғалым А.Эйнштейн,



Н.Бор, В.Гейзенберг секілді физиктердің теорияларын музыканың құрылымдық ерекшеліктерімен байланыстыра отырып, тыңдаушыларға жаңа көзқарас ұсынды. Баяндамадан кейін қатысушылар сұрақтарын қойып, пікір алмасты. Көпшілік үшін бұл дәріс ғылыми ойлау мен шығармашылықтың байланысын жаңа қырынан түсінуге мүмкіндік берді. Осындай ерекше дәрістер ғылым мен өнердің өзара ықпалдастығын көрсетіп қана қоймай, жаңа ізденістерге жол ашады. Рахат-Би Әбдісағиннің еңбегі – жас ғалымдар мен музыканттарға шабыт беретін маңызды қадам.



ЭКО-АКЦИЯ

«АЛМАТЫ – БІРГЕ ТАЗАЛАЙЫҚ»

арық жүйесін тазарту, жол жиектерін сыпыру, жаяу жүргіншілер жолдары мен көшелерді тазарту жұмыстары кірді.

Сонымен қатар, аудан әкімдіктері кәсіпкерлік субъектілерімен көріктендіру қағидалары аясында бекітілген учаскелердің санитарлық жағдайын сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Соның нәтижесінде көріктендіру бойынша 284-ке жуық төлқұжат рәсімделді.

Қаладағы санитарлық жағдайды жақсарту мақсатында Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы көлемі 120 литрге дейінгі 600-ден астам вандализмге төзімді қоқыс жәшігін орнатты. Жалпы, 2025 жылы қалада 80 және 120 литрлік 12 036 жаңа қоқыс жәшігін орнату жоспарланып отыр.

Айта кетейік, 2025 жылдың 4 ақпанынан бастап Алматыда көше саудасын жою бағдарламасы қызу жүріп жатыр. Бүгінгі күнге дейін 302 заңсыз сауда нысаны және 222 ойын автоматы (күш өлшеуіш) сүрілді. Бағдарлама 15 наурызға дейін жалғасады. Науқан аясында Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қызметкерлері «Жақыныға жәрдемдес» акциясын өткізді. Акция барысында еріктілер қариялардың ауласы мен іргелес аумақты қар мен қоқыстан тазалап, аздаған жөндеу жұмыстарын жүргізді.

Экология және қоршаған орта басқармасы арнайы ұйымдармен бірлесіп, «Таза ауа» акциясы аясында 19 стационарлық және 3 мобильді экологиялық бекетте

Сенбілікке кәсіпкерлер атсалысты

Алматыда көктемгі тазалық науқаны қарқынды жүріп жатыр. Қала тұрғындары мен кәсіпкерлер экологиялық ахуалды жақсарту үшін бірлесіп әрекет етуде. Соның жарқын мысалдарының бірі – «Беккер» ЖШС ұйымдастырған сенбілік.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында өткен іс-шараға компанияның әртүрлі бөлімдерінен 68 қызметкер қатысты. Олардың қатарында өндірістік, техникалық, әкімшілік-шаруашылық бөлімдердің мамандары, бухгалтерия және IT қызметкерлері де бар.

Сенбіліктің әредігінде «Беккер» ЖШС әкімшілік-шаруашылық бөлімінің басшысы Әмір Қыдыралиевтен пікір алып та үлгердік.

– Біздің өндірістік аумағымыз 2000 шаршы метрді құрайды. Бүгін оны толықтай тазартып, ретке келтірдік. Кәсіпорын маңындағы тротуарлар мен супермаркет айналасын да жинадық. Біз тек өз аумағымызды ғана емес, айналасы да таза ұстауға тырысамыз. Қаланың көркін сақтау – әрбір кәсіпкер мен тұрғынның ортақ міндеті, – деді компания өкілі.

Ол сондай-ақ, сенбілік барысында 10 кубометр қоқыс жиналып, арнайы келісім-шарт аясында «Эко-Сервис» компаниясына тапсырғандарын мәлімдеді.

Қала тұрғындары белсенді

Медеу ауданы қаланың 37% аумағын алып жатыр және қаржы мен туризмнің орталығы болып табылады. 2024 жылы ауданда белсенді жұмыс істейтін бизнес субъектілерінің саны 46,2 мыңды құрады. Көктемгі тазалық акциясы аталған ауданда да қарқынды жалғасты. Соның нәтижесінде аула тазалып, көше жиналып, арық бойы тазартылып, ағаш түбі қопсытылып бірқатар шаруа қолға алынды.

Аудандағы бизнес нысандары «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында өткізіліп жатқан «Алматы – біздің ортақ үйіміз» экологиялық науқанына белсенді түрде қатысуда. Кәсіпкерлер өз аумақтарын абаттандыруға, көгалдандыруға және тазартуға елеулі үлес қосып келеді. Бұл бизнестің әлеуметтік және экологиялық жауапкершілігінің жарқын үлгісі.

Медеу ауданы әкімі аппаратының кәсіпкерлікті дамыту бөлімінің бас инспекторы Қапас Ерасыл сөзінде: – Біз бұл игі бастамалар ауданды одан әрі көркейтіп, жайлы етуге үлесін қоса беретініне сенімдіміз. Барлық кәсіпкерлерге белсенді ұстанымы үшін алғысымызды білдіреміз және тұрғындарды осы ортақ іске қолдау көрсетуге шақырамыз, – деп мәлімдеді.

Коммерциялық нысандар республикалық «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында өткізіліп жатқан «Алматы – ортақ үйіміз» ауқымды экологиялық науқанына қосылды.

Сонымен бірге, тұрғындар да сенбіліктің көрігін қыздырып, қала шырайын ашуға, таза экологиялық орта қалыптастыруға барынша ықпал етуге тырыстындығы байқалды.

– Біз бұрынғының адамдарымыз. Осыдан 40 жыл



«Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасына «Алматы – біздің ортақ үйіміз» экологиялық акциясы үн қосып, қаламызда көктемгі тазалық жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Ең маңыздысы, елімізді және қаламызды тазартып, жасылдандыруға, орта қорғаудың үлгілі мәдениетін қалыптастыруға қала тұрғындарының да белсенділігі жоғары. Соның дәлелі – көктемгі сенбіліктерге мемлекеттік мекемелер ғана емес, бизнес қауымдастықтары, студенттер, еріктілер және қарапайым қала тұрғындары белсенді түрде үлес қосуда.

Эко-акцияның алғашқы аптасы қалай өтті?

1–9 наурыз аралығында өткен алғашқы апта «Таза көшелер» атауымен ұйымдастырылды. Ондағы жұмыстар қала көшелерін тазалау, инфрақұрылымды ретке келтіру және заңсыз сауда нысандарын жаппай сүру іс-шараларына бағытталды.

Бір апта ішінде ұзындығы 2777 шақырым болатын 2318 көше тазартылды. 560 аялдама павильоны, 315 бағдаршам нысаны және 1537 жол белгісі жуылып, тазаланды. Бұл жұмысқа 100-ден астам арнайы техника мен 240 жұмысшы жұмылдырылды.

Аталған кезеңде «Қасбеттен қасбетке дейінгі кешенді тазарту» акциясы өтті. Оның аясында мердігер ұйымдар тазалық жұмыстарын жүргізді. Оған кездейсоқ қоқыстар мен бұтақтарды жинау, қар тазалау,



автокөлік шығарындыларын бақылау жұмыстарын күшейтті.

«Қауіпсіз жол» акциясы аясында магистральдарды көріктендіру, жол жабындарын жөндеу және жол таңбаларын жаңарту жұмыстары басталды. Бірінші аптада 1,2 мың м² жолға шұңқырлы жөндеу жүргізіліп, нөсерлі кәріз жүйесіне арналған 24 жаңбыр қабылдағыш орнатылды.





ОРТАҚ ҮЙІМІЗ» БІРГЕ ЖАҢДАРАЙЫҚ

бұрынғы қаланы көз алдыма елестетемін. Сондай таза болатын. Үйлер де ретті салынатын. Мұның себебі шаһардың шығыс бөлігінен соққан самал, лас ауаны желдетіп отыратын. Арықтардың бойы ұдайы қоқыстан тазартылатын. Ол уақытта көшелер жап-жасыл желекке оранып, әдемі болып тұратын. Қазір қайтадан қолға алып, қаланың келбетін ажарландыра түссе дейміз. Осы бағытта атқарылып жатқан, ілкімді істер көп болғай, – деп түйді қала тұрғыны Қалдығайша Орманова.

Олимпиада жүлдегерлері жұртпен бірге

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» экологиялық акциясына танымал спортшы, Парижде өткен олимпиада ойындарының күміс жүлдегері Нариман Құрбанов қатысты. Іс-шара спортшы білім алған Әуезов ауданындағы 1-шағынауданда, мамандандырылған балалар-жасөспірімдер олимпиадалық резерв мектебінің аумағында өтті.



Нариман Құрбанов жыл сайын осы акцияға қатысып, қала тұрғындарын тазалық іс-шараларына белсенді араласуға шақырып келеді. Өз сөзінде ол Алматының тазалығы әрбір тұрғынның жауапкершілігінде екенін атап өтті.

– Мен Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері ретінде барлық алматылықтарды қаламызда өтіп жатқан экологиялық акцияларға қатысуға шақырғым келеді. Мен өзім де осы қалада туып-өстім және Алматының тазалығын сақтау біздің парызымыз деп білемін. Сондықтан мен әр жыл сайын осындай шараларға қуана-қуана қатысамын. Әрбір алматылық, әрбір қазақстандық тек үйінде ғана емес, өзі тұратын қалада да тазалық сақтауды білуі керек. Біз көшемізге шыққанда қаланың көркем табиғатынан ләззат алып жүруіміз қажет. Әрдайым қолымыздан келгенше үйіміздің маңын, мектебіміздің айналасын қоқыстан тазартып



отыруға тырысамыз. Биылғы акцияға да мен жаттыққан мектеп ұжымы, жаттықтырушылары мен барлық қызметкерлер белсенді қатысты, – деді ол.

Айта кетейік, Нариман Құрбанов қаланың экологиялық жағдайына бей-жай қарамайтын азаматтардың бірі ретінде жыл сайын тазалық іс-шараларына атсалысып келеді.

«Таза саябақтар мен скверлер» апталығы

10–16 наурыз аралығында Алматыда саябақтарда, скверлерде, өзен жағалауларында ауқымды экологиялық акциялар өтеді. Қоқыстарды жинау, арықтарды тазарту, ағаштар мен бұталарды отырғызу, абаттандырудың жаңа элементтерін орнату жоспарланады. Апта аясында экологиялық акциялар (блогинг, мерзімі өткен дәрі-дәрмектерді тапсыру және т.б.), қалдықтарды бөлек жинау бойынша білім беру дәрістері мен шеберлік сыныптары ұйымдастырылады.

Акция аясында қаланың 445 саябағы мен скверлері, сондай-ақ Есентай, Кіші Алматы, Қарғалы, Боралдай, Ақсай, Жарбұлақ, Тіксай, Қарасу, Еременсай, Тастыбұлақ, Кереңқұлақ өзендерінің жағалаулары және Бекенбай, Әбілғазы, Ботбайсай, Шыбынсай, Терісбұлақ, Беделбай, Әуежай, УАК, М2 және М1 каналдары қамтылады.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?



Сұлтан ТҰҢҒАТАРОВ,
Медеу ауданы әкімінің аппараты,
Көріктендіру бөлімінің бас маманы:

Әр тұрғынның үлесі бар

Өткен аптадағы тазалық акциясы көз қуанып, көңіл көншітерліктей жақсы нәтижелерге толы болды. Қысқы маусымнан кейін Алматының тынысы кәдімгідей ашылып, көшелеріміз тазарып қалды.

Қала тазалығына, табиғатты қорғауға үлес қосып, экологиялық акцияларға белсенді қатысқан баршаңызға шынайы алғысымызды білдіреміз. Бұл іс-шарада әрбір тұрғынның үлесі бар. Сондықтан Сіздердің жанашырлықтарыңыз бен еңбектеріңізді біз жоғары бағалаймыз.

Алматы – бәріміздің ортақ үйіміз, оны таза әрі жайлы етіп сақтау – әрбір алматылықтың борышы. Егер әр тұрғын өз ауласын, көшесін таза ұстаса, қала экологиясы жақсарып, Алматы бұрынғыдай жасыл, таза әрі әсем қала болып қала береді. Алматыны бірге тазалап, бірге жақсартайық!

Бауыржан МАУСЫМБАЕВ,
«Рамстор Қазақстан» көпфункционалды кешенінің атқарушы директоры:

Жыл сайын белсенді қатысамыз

– «Рамстор» «Алматы – біздің ортақ үйіміз» акциясы аясында жыл сайын экологиялық іс-шараларға белсенді түрде қатысып келеді. Себебі, сүйікті қаламыздың тазалығы мен абаттандырылуы – әрқайсымыздың ортақ жауапкершілігіміз. Бұл игі бастамаларға біздің ұйымның шамамен 50 қызметкері атсалысады. Күн сайын біз орталықтың ішіндегі ғана емес, оған іргелес аумақтың да тазалығын мұқият сақтаймыз. Көктемнің келуімен ағаш отырғызу, жасыл аймақтарды абаттандыру және фонтанды толық жаңарту жоспарланып отыр, – деді

Қалдығайша ОРМАНОВА,
қала тұрғыны:

Игілікті істер көп болғай!

Біз бұрынғының адамдарымыз. Осыдан 40 жыл бұрынғы қаланы көз алдыма елестетемін. Сондай таза болатын, көшелер жап-жасыл желекке оранып, әдемі болып тұратын. Қазір міне Алматының жасыл желегін қайта алып келу үшін тың бастамалар қайтадан қолға алып жатыр. Осы игі істер қаланың келбетін ажарландыра түссе дейміз. Осы бағытта игілікті істер көп болғай.

Бетті әзірлегендер Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,
Олжас ЖОЛДЫБАЙ, Ернұр РЫСБАЙ.





АМАЛ МЕРЕКЕСІ

жақсылық пен жаңарудың бастауы

Наурыз – Шығыс халықтары үшін жылдың басы әрі жаңару, тазару, табиғаттың түлеуін білдіреді. Бұл күллі түркінің ортақ мәдени құндылығы деуге де болады. Ал қазақ халқында оның ең негізгі бастауы – Амал мерекесі. Халқымыздың тарихи жадында бар бұл күн қайта түлеген ұлттық құндылығымыз ретінде қадірлі. Амал мереке ретінде елімізде бірнеше жыл қатарынан аталып өтілуі де жұрт жүрегінен орын алған мерейлі іс болды.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Бұл күнге қатысты ұғым-түсінік елдің әр түкпірінде әртүрлі, батыс өңірінде «Көрісу күні» деп айрықша атайды. Сол күні жұрт көктемнің басы, жаңарудың алғышарты ретінде бір-біріне деген жыл бойғы өкпе-назды ұмытып, төс қағыстырып құшақтасып, амандық-саулық сұрасады. Мұның символикалық мәні барлық бәле-жаладан арылу, өткен күн еншісінде қалдырып, жаңа күндерге аяқ басу дегенді аңғартса керек.

Ғылымда «қымызмұрындық», «наурыз» және т.б. мереке мәніне үңілетін «Маусымдық фольклор» деген кең бір сала бар. Соның қатарында «амал мерекесін» қоса зерделеп, халқымыздың рухани қазынасын байыту қазіргінің еншісінде тұрған міндет.

Өткен ғасырда халқымыздың төл мерекесі тарихтың қандай тезінен өткені көпке мәлім. 1926 жылы КСРО-да «Наурыз мерекесін» ескіліктің қалдығы, діни мереке ретінде тыйым салынды. Ал содан кейін 60 жылдан астам уақыт жалпы халық тойлай алмады. Тек ұлт қайраткерлері Өзбекәлі Жәнібеков, ақын Мұхтар Шахановтың бастамаларынан кейін 1988 жылы қайта ортамызға оралыпты. Бір ғана төл мерекенің қайта оралуынан кейін халықтың қалпына түсе бастаған тарихи жадысы «Амал» «көрісу күні» сынды құндылықтарын іздеп табу үстінде.

Халықтық мерекенің қарсаңында Амал мерекесінің мәні мен маңызына қатысты этнографтар мен фольклортанушы зерттеушілердің пікірін топтастырып, оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сейілбек СӘКЕН,
фольклортанушы:

Көрісу күні – жаңарудың белгісі

Әр халықтың өзіне тән дәстүрі бар. Жалпы, наурыз айы – мезгілдің бастауы. Бұл – тоңның еріп, мұздың жігісіп, жердің түлейтін шағы. Сондай-ақ, төрт түлік төлдейді. Осылайша жер беті жаңарады.

Қазір біздер 22 наурыздан бастап қазақтың жаңа жылын тойлап жүрміз. Ескіше, 14 наурыздан басталған. Бұрынғы заманда халық бұл күнді жаңа жыл екенін сезген. Қазақта жаңа жыл ретінде наурызды тойлайды. Ал орыстар «Масленница», қытайлар «Чуньцзе», Америка үндістерінің өзі наурыз айының келгеніне байланысты бұл күнді атап өтеді. Демек, әлем халықтарының фольклорының біразында бұл мереке бар.

Амал деген – табиғаттың өзгерістері. Дәлірек айтқанда, жылдың 4 мезгілінің басталатын кездері. Мәселен, көктем – табиғаттың басталуы. Яғни арықтың көздерін ашу, қора-қопсыны ретке келтіру, егін егуге кірісу. Барша істің бастау-бұлағын наурызда жасайды. Жазда – жайлауға көшеді, малды тоғытады, қырық күн шілде өткізеді. Күзде – күздеу жасайды, егін-тегінді жинайды, керек-жарақтыны жасақтап, соғым сойып алатын болған. Ал қыста – қыстауға қоныс аударады, тоң ояды, ықтап шығатын мекенге барады және т.б. Мұның бәрі сол әр маусымның басының амал іс-әрекеттері болып есептеледі.

Көрісу күнінде жұрт өкпе-назды ұмытып, табиғаттың жаңарумен қатар, жаңа рухани әлемге қадам басуды қалайды.

Ахмет ТОҚТАБАЙ,
этнограф:

Ұлттық ұлықтауды құп көреміз

Көрісу күні – Наурыз мерекесінің бір бөлігі, біртұтас сала. Мен Наурызды бірнеше кезеңге бөлемін. Сөйтіп, істелуі қажет дүниелерді өзімше топтаймын. Бірінші адам рухани тазалықтан бастауы керек. Біреуге ренжисе, татуласады, өкпе-назды ұмытады. Екінші – үй-жайды тазартып, қора-қопсыны тазалайды. Жаман киімді тастап, жаңасын киеді. Өйткені, таза шаңыраққа ырыс пен береке именбей кіреді. Үшінші – ауылдың адамдары елдімекеннің іші-сыртын тазалайды. Сондай-ақ, бұлақтың көзін ашады, ағаш егеді. Төртінші – үлкен кісілерден бата алады.

Негізі, наурыздың мақсаты – бірінші тазалану, екінші – көрісу, үшінші – наурыз көже әзірлеу, төртінші – ұлттық ойын-сауықты тойлату. Бұрын Қазақ хандығының уақытында 9 күнге созылған.

14 наурыз ескі күнтізбеден мирас боп қалған. Шығыстың

шайыры Омар Хайям кезінде 1079–1089 жылдары болса керек, Мәлік Шах барлық Иран мен Хорасанның ғалымдарын жинап алып осы күнтізбені ретке келтір деген. Сонда Омар Хайям бас болып, наурыздың күнтізбесін де жасап шыққан. Осы күнтізбе нәтижесінде 14 наурыз – күн мен түннің теңелуі деп жылдық күнтізбе тізіліп кеткен. Ал Алтай қазақтары 1 наурыздан көже пісіріп, наурыз мерекесін тойлауды бастай береді.

Амал мерекесі ұлттық деңгейге көтеріліп, жалпы жұртшылық тойлайтынын құп көреміз. Себебі, осы мерекенің бастауы – жақсылыққа негізделген.

Әділет АХМЕТ,
алаштанушы:

Халқымыздың қасиетті жауһары

Амал мерекесінің жалпы халықтық мереке болуын қос қолдап қуаттаймын. Тіптен, түркі жұртына ортақ мереке деп санауға да тұрарлық керемет күн. Амал мерекесі көрісу күні, наурыз мерекесі – түптеп келгенде мағынасы бір. Жыл басы, көктемнің басталуы, Жер-Ана исініп, қара топырақтың қыста құрсаған тоңы еріп, жаңа өмірдің, жаңа бір жылдың басталуы меңзеледі.

Жалпы, жаңа жылды тойлау адамзаттық құбылыс. Әр халық тарихи және географиялық мекендеріне байланысты жаңа жылды көктемнің келуіне қарай әртүрлі айларда бастап атап өтіп отырған. Ұлы Дала төсін мыңжылдықтар бойы дүбірлеткен көшпелі түркі өркениеті адамзаттың ылғары өркениетіне қосқан үлестері көп. Соның бірі де бірегейі де біздің Әз-Наурызымыз. Қар кетіп, қара жердің топырағы бусанып, жаңа тіршіліктің, жаңа өскіннің тамыр тартып, гүл бүршік атып, мал төлдеп, табиғат-ана өзгеше бір жаңа өміршең күйге өткенін күллі адамзат баласы қуана-қуана қарсы алады. Ал Ұлы табиғатпен етене, егіз ғұмыр кешкен, этнографиясы ерекше бай, далалық асыл мәдениетті аса биік шыңға шығарған түркі жұртшылығының дүниетанымының небір қастерлі жауһары осы Амал мерекесі, яғни наурызда айрықша көрініс береді.

Самарқанның көк тасы еріген күн деп ұшқан құстың қанаты талатын ұлан-ғайыр алқапта жатқан Алаш жұртының қайсы тайпасы болсын жылдың басын тамаша ырымдармен, жора-жосындармен, тілектермен бастайды. Реніштер кешіріледі. Өткен күннің ауыртпалығы артта қалып, жаңа жылда Жаратқан жарылқасын дейді. Түркі жұрттарымен қатар қоныстанған парсы жұрттары да, көшпенді араб тайпалары да түркі халықтары секілді наурызды атап өтуі табиғи құбылыс. Оған бола бұл мерекені басқаға балаудың жөні жоқ. Кейін ислам дінінің ықпалымен кейбір дәстүрлі көзқарастар, тарихи санаға сіңген мереке мейрамдардың түсі солғындап, бет-бейнесі белгілі деңгейде өзгеріске ұшырағанымен, ат үстіндегі Алаш баласы еш уақытта байырғы мәдениетін жоғалтпады.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



«ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ӘЛІППЕСІ»:

саладағы қазақ тіліндегі тұңғыш кітап жарық көрді

11 наурыз күні Алматыда «Жасанды интеллект әліппесі» атты кітаптың тұсаукесері өтті. Бұл еңбек қарқынды дамып келе жатқан жаңа сала туралы алғаш рет қазақ тілінде жазылған түпнұсқа болуымен ерекшеленеді. Іс-шарада TurkAI – түркі мемлекеттерінің жасанды интеллектшілер қауымдастығының құрылғаны хабарланды. Сондай-ақ, салалық «AI-hub» компаниясы мен ai-hub.kz сайты таныстырылды.

Кітаптың таныстырылымына халық-аралық сарапшылар, ғалымдар, зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері, медиа, білім және технология саласының белгілі тұлғалары мен мамандары қатысты. Соңғы 10 жылда технологиялық салада көлемді өзгеріс орын алуда. Жасанды интеллект тұтас адамзаттың өміріне әсер етуде. Болашақ есігімізді қағып тұр.

Аталған еңбек авторы – жасанды интеллект және IT технология саласының сарапшысы, журналист Мейіржан Әуелханұлы. Ол кітапты таныстыра келіп еліміздің де бұл саланың көшінен қалмауы үшін екі жыл бұрын қазақ тілді аудиторияға арнап арнайы еңбек жазуға кіріскенін жеткізді. «Еңбек – бағдарлама-лауды білмейтін, бірақ AI мүмкіндіктерін зерттеп, қолданғысы келетін адамдарға

арналған. Жасанды интеллект саласындағы негізгі ұғымдарды қарапайым тілмен түсіндіреді. Қазірдің өзінде сұраныс өте жоғары болғандықтан, кітапты екінші басылымға жіберіп жатырмыз», – дейді автор.

Кітап Орталық Азия елдерінде жасанды интеллект саласына қатысты алғаш шыққандықтан Өзбекстан, Қырғызстан елдерінен аударуға ұсыныстар түскен.

Іс-шара аясында жаңа құрылған «AI-HUB» компаниясының мақсаты айтылды. Оның басшысы Ержанар Әшейханның сөзінше, компания – жасанды интеллект, IT, кибер және ақпараттық қауіпсіздік, ақпараттық және цифрлық технологиялар, сондай-ақ биотехнологияларды зерттеу мен дамытуға бағытталған бірегей ұйымға айналуы көздейді. Негізгі мақса-

ты – озық технологияларды түрлі салаларға енгізу, халықтың цифрлық және ақпараттық сауатын арттыру, сондай-ақ салалық стартаптарды қолдау.

Сондай-ақ, «AI-HUB» компаниясының негізін қалаушылардың бірі Нұрболат Нышанбаев түркі мемлекеттері жасанды интеллект саласы өкілдерінің басын қосатын TurkAI қауымдастығы құрылып, бауырлас елдермен бірлескен жұмыстар күшейтілетіні хабарланды. Жиынға Түркі елдерінен және Еуропадан жасанды интеллект саласында жұмыс істейтін компания басшылары онлайн қатысып, өз пікірлерін білдірді.

Ұйымдастырушылар алдағы уақытта кітаптың тұсаукесері Астана қаласы мен барлық облыс орталықтарында өтетінін хабарлады.

КЛАССИКА

DA MUSIQ ORCHESTRA:

Жас музыканттар Ханс Циммер шығармаларынан концерт берді

Алматыда жас музыканттардан құралған DA Musiq Orchestra әлемге әйгілі композитор Ханс Циммердің шығармаларынан ерекше концерт ұйымдастырды. Әйгілі фильмдердің саундтректерін тыңдау кеш қонақтарына терең әсер беріп, өнерпаздардың жоғары деңгейдегі орындаушылық шеберлігіне куә болды.

Ернұр
РЫСБАЙ

Алматыны сазды әуенмен тербеген кеш Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының жанындағы Күләш Байсейітова атындағы мамандандырылған музыкалық мектепте өтті. Концерт барысында Ханс Циммердің 12 туындысы тарту етілді.

**ЖАС ТАЛАНТТАРДАН ҚҰРАЛҒАН
ЕРЕКСЕ ОРКЕСТР**

DA Musiq Orchestra жетекшісі әрі негізін қалаушы Дамиани Мырзағалиев не үшін бұл туындылар таңдалғаны туралы түсіндірді. «Бұл фильмдердің көрермендері әлі де көп, олардың есінде бұл саундтректері мәңгіге сақталып қалған. Тыңдармандар



концерт кезінде сүйікті фильмдерінің атмосферасына қайта оралып, ерекше әсер алады. Сондықтан біз де Ханс Циммер шығармаларын таңдадық. Бұл кеште кө-

рермендер «Интерстеллар» фильміне жазылған танымал композицияны тыңдай алды. Сонымен қатар, концерт бағдарламасындағы кейбір музыкалық шығарма-

ларға өзім өңдеу жасадым», – дейді Дамиани Мырзағалиев.

Жас таланттардан құралған ерекше оркестр DA Musiq Orchestra – әртүрлі жастағы жас музыканттарды біріктірген ерекше симфониялық және хор ұжымы. Оркестр құрамында 5-сынып оқушыларынан бастап, консерваторияның 1-курс студенттеріне дейінгі өнерпаздар бар. Бұл – олардың аталмыш мектеп қабырғасында өткізген екінші концерті.

КӨРЕРМЕННІҢ ЫСТЫҚ ЫҚЫЛАСЫ

DA Musiq Orchestra-ның кезекті концертіне жиналған жұршылық залды толтырды. Кеш қонақтарының қатарында TAN Consulting агенттігінің жетекшісі Аида Досаева, «Алатау Ақпарат» медиахолдингінің Бас директоры Ержан Қалымбайұлы, Halyk Bank-тың PR-қызметінің басшысы Гүлмира Арбабаева, Stan.kz ақпарат агенттігінің даму жөніндегі директоры Шыңғыс Мәдібек, Interact Club Rotary International волонтерлік ұйымының жоба менеджері Дулат Данияр да болды.

Кеш қонақтары жан тебіренерлік әсем музыкадан әсерлерін жасыра алмады. «Бірақ бүгінгі кештің жөні бөлек. Біз осындай жас таланттардың өсіп келе жатқанын көріп, қуанып отырмыз. Концерт барысында тебірендік, толқыдық, көзімізге жас келді. Орындаушылардың кәсібилігі таңқалдырды», – дейді Ержан Қалымбайұлы. Әлемге кең танымал өнер туындыларынан берілген концерт жас өнерпаздардың кәсіби деңгейінің аса жоғары екенін толық танытты. DA Musiq Orchestra болашақта жаңа концерттер ұйымдастырып, тыңдармандарын әсерлі әуендерімен қуанта бермек.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Тарихтан тәбәрік:

ЖОШЫ ХАН ДӘУІРІ

Алматыда «Алтын Орда кезеңінің тарихи-мәдени мұрасы» көрмесі ашылды

Көрмеге Мемлекеттік орталық музейдің (Алматы қаласы), «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығының (Ұлытау облысы) және «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының (Атырау облысы) археологиялық коллекцияларынан бірегей артефактілер қойылған. Олар үш ақпараттық кешенге жіктелген.



Нұржамал
ӘЛІШ

Бірінші кешен Мемлекеттік орталық музейдің археология қорында сақталған – Алтын Орда кезеңінің мәдениеті мен тұрмысын көрсететін XIII-XIV ғ.ғ. артефактілерді, көшпелі және қалалық мәдениеттің мәдени дәстүрлерінің әртүрлі жақтары мен аспектілерін бейнелейтін қалашықтардан экспедициялар нәтижесінде немесе кездейсоқ табылған 50-ге жуық жәдігерді қамтиды.

Екінші кешенде «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы коллекцияларынан – Жошы хан, Болған ана кесенелерінің маңынан табылған бірегей жәдігерлер (Жошы хан мазарының кіреберіс босағасының табалдырығы, кесене күмбезінің сәндік бұйымы – «құб-



ба», кесененің сыртқы қабырғасын безендіруге арналған сырланған және араб жазулы тақтайшалар, Жошы ұлысы мемлекеті кезіндегі хандардың күміс дирхемдері мен мыс монеталары), бас-аяғы 124 экспонат қойылған.

Үшінші кешеннен орын алған, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы өкілдері алып келген 85 жәдігердің қатарында Сарайшық қалашығынан табылған алуан түрлі шыңылтырлы қыш ыдыстар, әйелдердің алқалары, жылқы бейнесінде жасалған темір құлып-

тар, мыс монеталар және т.б. тарихи заттарды көруге болады.

Жошы хан – Шыңғыс ханның үлкен ұлы, қолбасшы. Ол ересен күшті, ержүрек, алған бетінен қайтпайтын қайсар адам болған деседі. Жас күнінен әкесінің әскерлерінің жорықтарына белсене араласқан. Ол ең алдымен әскери жорықтардың бәріне қатысқан аса ірі әскери басшы ретінде танылған тұлға. Аталмыш көрме сол дәуірдің экономикасынан, мәдениетінен, өркениетінен сыр шертеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Ғалия
ТЕМІРТОН,
ҚР Мемлекеттік
орталық
музейі
директорының
міндетін
атқарушы:

Біз – Алтын Орда империясының мұрагеріміз

Іргелі үш музей бірігіп ұсынып отырған мәдени, рухани көрменің мақсаты – Қазақстанды Алтын Орда (Жошы ұлысы) империясының мұрагері және сол кезеңнің бай тарихи-мәдени мұрасын сақтап отырған мемлекет ретінде өз елімізде және халықаралық аренада таныту, еліміздің тарихи-мәдени мұрасының маңыздылығын дәріптеу. Біздің жеріміздің ежелден-ақ мәдени, рухани құндылықтарға толы болғанын жеткізу.

Заман ауысып, уақыт өзгергенмен, өткен дәуірлер дүбірі бізге осылай естіліп, жаңғырып тұруы керек. Біз қолымызда осыншама бай жәдігерлер сақталғанын мақтаныш етеміз. Оларды көздің қарашығындай сақтауға міндеттіміз. Бұл бірегей артефактілерді бізге тарихтың тәбәрігіндей жеткізіп берген алып академик Әлкен Марғұлан, белгілі археолог Зейнолла Самашев сынды тұлғаларымызды да ұмытпауға тиіспіз. Осы орайда қазақ еліне ортақ, өздерінде сақталған құнды жәдігерлерді Алматыға, көрмеге арнайы алып келген атыраулық, ұлытаулық әріптестеріме алғыс айтамын.

АССАМБЛЕЯҒА – 30 ЖЫЛ!

ВНЕР ДЕ ДОСТЫҚҚА ШАҚЫРАДЫ

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай өз қорынан «XX-XXI ғасырлар өнері» экспозициясын ұсынып отыр.

Көрмеде Т.Ялонская (Украина), И.Клычев (Түрікменстан), Н.Никогосян (Армения), Ю.Гусейнов (Әзербайжан), В.Калнрозе (Латвия), В.Бурмакин (Өзбекстан) сынды өзге де танымал суретшілердің картиналары бар.

Өнер тілі айқын және мәнерлі, бәріне түсінікті және аударманы қажет етпейді. Сондықтан бұл өзара түсіністікке, бірлікке жол ашатын, бір-бірін жақсы білуге, басқа адамдардың, халықтар мен мәдениеттердің көзқарасын, жан-дүниесін түсінуге көмектесетін қолжетімді құрал десек те қателеспейміз.



Иә, өнер бәрімізге ортақ және ол бізге тілсіз-ақ маңызды дүниелер туралы айтады: махаббат пен сұлулық, бақыт пен қайғы, парыз бен ар-намыс, адалдық пен достық. Ұлттық мектептер дәстүрінде жұмыс істейтін авторлар кейіпкерлерінің әлемін ұлттық бастамалар арқылы ашуды көздейді.

Нұр ЖАМАЛ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Виолетта ВОЛОГОДСКАЯ, Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің «Шетел өнері» бөлімінің жетекшісі: Суретшілер үндестігі керемет

Суретшілер өздеріне жақын тәжірибені шартты эстетикалық кеңістікке, интеллектуалды-поэтикалық көзқарас арқылы жеткізеді. Әр шебердің өзіндік стилі мен шығармашылық тәсілі, кескіндеме техникасы мен жанрлық қалауы бар. Экспозицияда, мәселен, Армениядан келген бүлікші ақынның экспрессивті эмоционалды портреті, жемістері бар дәстүрлі шығыс тағамдары, күнде қолданыстағы тұрмыстық заттар, таңертеңгі күн сәулесіндегі шырынды-жасыл бақтар, Латвия ауылы, суаттағы бейне, кілем тоқып отырған халық қолөнершілері, таңсәріде балық аулауға шыққан балықшылар бейнеленген шығармалар бір-бірімен өзара үйлесім тапқан. Өнер де халықты бір-бірімен жақындастырады.

«КӨКТЕМГІ РАПСОДИЯ»

Ерекше көрме мерекенің мерейін асырды

Көктемнің шымылдығын ашқан 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қаламызды мерекелік көңіл күйге толтырып кеткені мәлім. Ал Алматыдағы ҚР Мемлекеттік музейінде «Көктемгі рапсодия» көркемөнер көрмесінің ашылуы мереке мерейін тіпті де асырған болатын.



Нұрлан
СҮЙІН

Мереке қарсаңындағы көрмені Алматы қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы ұйымдастырды. Онда 61–84 жас аралығындағы 31 әуесқой суретші өз туындысын қойды. Аquareль, гуашь, майлы бояу, акрил сияқты түрлі техникада орындаған 96 өнер туындысы қойылған.

Көрмеге қатысушылардың жасы да, шығармашылықпен айналысқан уақыты да әртүрлі. Оларға Қазақстан және Грузия Суретшілер одағының мүшесі, ҚР Өнер академиясының вице-президенті Марлан Нысанбаев жетекшілік етіп келеді. Көрмені өткізу идеясы да тікелей Марлан Нысанбаевқа тиесілі.

Сәуле Бекетаева негізін қалап, басшылық ететін Алматы қаласының

«Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы 2022 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Орталық егде жастағы адамдарға денсаулықты нығайтуға, қолайлы орта қалыптастыруға және өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған кең ауқымды қызметтер ұсынады. Орталықтың білікті мамандары мен нұсқаушылары ардагерлерге қырықтан астам әлеуметтік қызмет түрін көрсетеді.

2023 жылы Орталық «Алматы әжелері» деген модель әжелер клубын ашты. Ең жас модель әже 76-да. Алматы әжелері Италияда өткен халықаралық сән апталығында Қазақстанды таныстырды. Түркия, Қырғызстан елдерінде өткен халықаралық этнофестивальдерде жеңімпаз болды. 2024 жылы өткен қалалық ұлттық киім фестивалінің жеңімпазы атанды.



Мұрат ТҮКЕЕВ:

БАЛЕТ ӨНЕРІНІҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР

А.Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі еліміздегі ең алғашқы кәсіби балет әртістерін даярлайтын оқу ордасы. Бүгінде 90 жылдық тарихты артқа тастап, үлкен мектеп қалыптастырды. Біз училище директоры Мұрат ТҮКЕЕВКЕ жолығып, ең күрделі жанр – балет өнерінің бастау бұлағы туралы, жалпы, көптің көкейінде жүрген маңызды сұрақтарға жауап алдық.



Хореографиялық білімнің қарашаңырағы

– Мұрат Орындықбайұлы, сұхбатымызды хореографиялық училищенің тарихынан бастасаныз... Неліктен Селезнев атымен аталды?

– Еліміздегі хореографиялық білімнің негізін қалаған ең алғашқы кәсіби оқу орнының тарихы 1934 жылдан басталады. Оның негізін қалаған әрі алғашқы директоры – Александр Селезнев деген кісі Ленинградтан арнайы шақыртылып, қазақстандық кәсіби балеттің дамуына зор үлесін қосты. Сондықтан оқу ордасына есімінің берілуі заңдылық. Ол – қазақ өнерінің дамуына зор үлес қосқан тұлға.

Бүгінде бұл оқу орны еліміздегі балет саласының көптеген жұлдызын тәрбиелеп шығарды. Училищенің негізін қалағандардың арасында көрнекті бишілер, қазақ кәсіби хореографиялық өнері мен білімінің негізін қалаушылар бар. Училищеде Александр Селезнев, Шара Жиенқұлова, Сара Көшербаева секілді майталмандар салып берген сара жол әлі де жалғасын тауып жатыр.

Осынау жылдар ішінде училище түлектерінің арасынан әлемге әйгілі Наталья Чеховская мен Надежда Грачева, Дмитрий Тубольцев пен Алла Бураканова, елімізге еңбек сіңірген тұлғалар – Д.Абиров, З.Райбаев, Б.Аюханов, И.Манская, Р.Әжиева, А.Асылмұратов, С.Тулусанова, З.Ақбарова, М.Мальбеков, Л.Ли, М.Қадырова сияқты көптеген талантты әртістер шықты. Біздің училище Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрының балет труппалары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік академиялық би театры, К.Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театры, «AstanaBallet» мемлекеттік театры, «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры, сондай-ақ «Салтанат», «Алтынай», «Наз», «Гүлдер» және басқа да халықтық би ансамбльдері үшін кадрлар даярлайтын базаға айналды.

– Көптеген ата-ана «ұл-қызым балет әртісі болса» деп армандайды. Дегенмен, оның талабы туралы біле бермейді. Хореографиялық училищеге қалай, қашан қабылдайсыздар? Қазақ сыныптары бар ма?

– Біздің училищеге қабылдау жыл сайын көктем мен жаз мезгілінде жүргізіледі. Іріктеу төртінші сыныпты бітірген, яғни 10-11 жастағы балалар арасында ұйымдастырылады. Негізінен, Алматы қаласы мен Алматы облысының балаларын қабылдаймыз. Ілгеріде мамандарымыз жас таланттарды шет ауылдарға арнайы іздеп баратын. Қазір бұл жағына қаражат қарастырылмағандықтан, болашақ бишілерді тек Алматы қаласының мектептерінен іздейміз. Оқу орнында 1965 жылы Шара апайдың бастамасымен қазақ бөлімі ашылған. Қазір қазақ сыныптары бар.

Талантпен қоса, төзімділік қажет

– Қабылдау талабы қандай? Болашақ балет әртісінің қандай ерекшеліктеріне баса мән бересіздер?

– Дұрыс айтасыз. Бұл күрделі жанр болғандықтан, қабылдау кезінде қойылатын талаптар да бар. Біз болашақ сахна адамын даярлаймыз. Сосын бұл оқу орнының ерекшелігі – балет өнеріне икемі бар балаларға тән белгілі бір физикалық және физиологиялық талаптар болады. Біз, ең алдымен, болашақ бишілердің дене бітіміне, аяқ-қолдың ұзындығына, буындардың икемділігіне, арқа құрылымына және жалпы үйлесімділікке баса мән береміз.

Сонымен қатар, музыкалық есту қабілеті, ырғақ сезімі және эмоционалдық экспрессивтілік те маңызды рөл атқарады. Балет бишілерінің тағы бір ерекшелігі – оның жүрісінде.

Сондықтан аяқ алысына, жүрісіне, тіпті басқан қадамына да мән береміз. Бұған қоса, іріктеу кезінде баланың икемділігі, жеңіл секіруі, ырғақты қабылдауы бәрі сарапқа түседі. Бала кәсіби балет пен айналысу үшін төзімді, тәртіпті, ең бастысы еңбекқор болуы шарт. Жалпы, балериналардың талдырмаш болғаны өзіне де, жанындағы серігіне де жақсы. Неге десеңіз, олар қосақталып билейді, жоғарыға көтеру, айналу дегендей қимылдар жасайды. Сондай кезде икемді әрі жеңіл қозғалғаны өзіне де жақсы.

– Қазір училищеде қанша оқушы бар және түлектер 9-сыныптан соң қандай білім алып шығады?

– Қазіргі уақытта біздің оқу орнында 371 оқушы балет әртісі және би ансамблінің әртісі мамандықтары бойынша білім алып жатыр. Оқушыларымыз 180 балаға арналған мектеп-интернатқа орналасқан. Олар мұнда стандартқа сай, жалпы біліммен қоса, кәсіби дайындықтан да өтеді. Тоғызыншы сыныпты аяқтаған түлектер «Би ансамблінің әртісі» мамандығы бойынша диплом алады. Ал он бірінші сыныпты бітіргендер «Балет әртісі» немесе «Би ан-

самблінің әртісі» мамандығы бойынша кәсіби дипломмен қоса, толық орта білім туралы аттестат алады.

– Училище түлектеріне, жалпы балет әртістеріне сұраныс бар ма?

– Әрине, балет әртістері өте жоғары сұранысқа ие. Біздің түлектеріміз Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрына, «Астана Опера» театрына, «Астана Балетке», сондай-ақ Қазақстанның басқа да би ұжымдарына жұмысқа орналасады. Сонымен қатар, кейбір түлектеріміз Ресей, Қытай, Франция, АҚШ, Германия, Венгрия сияқты елдердегі атақты театрларда еңбек етіп жатса, бұл қазақстандық балеттің жоғары деңгейін көрсетеді.

Еңбек өтілі мен зейнетақы жүйесі – саладағы ең өзекті мәселе

– Балет әртістері зейнеткерлік демалысқа қанша жасында шығады?

– Кеңес заманында балет әртістері 20 жылдық еңбек өтілінен кейін зейнетке шығатын еді. Себебі, өнердің бұл түрі өте үлкен физикалық жүктемені талап етеді. Өкінішке қарай, қазіргі уақытта бұл жүйе өзгеріп, балет әртістері де жалпы зейнеткерлік жасқа жеткенше жұмыс істеуге мәжбүр болып отыр. Бұл, әрине, біздің саладағы ең өзекті мәселе. Мәселен, Ресейде, Қытайда, Францияда балет әртістеріне арнайы жеңілдіктер қарастырылған. Сондықтан біз де Қазақстанда да осындай жүйені қайта енгізу маңызды деп есептейміз.

– Қазақстандық балет өнерінің болашағын қалай елестетесіз?

– Қазақстанда балет өнерінің болашағы зор деп санаймын. Біздің әртістеріміз әлемдік деңгейдегі конкурстарда жүлделі орындар алып жүр. Дегенмен, балет саласында әлі де шешуді қажет ететін мәселелер бар. Мысалы, жаңадан театрлар ашу, балет әртістерінің әлеуметтік жағдайын жақсарту, зейнетақы жүйесін қайта қарау деген сияқты. Осы бағытта жұмыс істесек, еліміздің балет өнері одан әрі дами түсетініне сенімдімін.

– Өзіңіздің балетті таңдауыңызға кім әсер етті? Балетке қалай келдіңіз? Отбасыңыз туралы да біреу сөз...

– Менің осы салада еңбек еткеніме 54 жыл болды. Алғаш рет 1971 жылы анам осында оқуға алып келді. Мен тіпті балет бишісі боламын деп армандаған емес едім. Анам КазГУ-дің Филология факультетін бітірген кісі еді. Сондай талдырмаш, тура балет бишісі сияқты болатын. Балетті қатты ұнатып, «түбі бір баламды балетке беремін» деген шешім қабылдаса керек. Не керек, ақыры таңдау маған түседі.

Мен негізі балетке икемсіздеу, сондай ет-жеңді бала болдым.

Сыныптастарым үнемі «председатель» деп мазақтайтын. Анамның арқасында балет бишісі атанып, әлі осы салада келемін. Жұбайым да Мәскеудің балет училищесін бітірген. Қазір қызымыз Абай атындағы опера және балет театрының белді бишісі.

– Сұхбатыңызға рахмет!



Сұхбаттасқан
Рая ЕСКЕНДІР.



МЕГАПОЛИС МЕДИЦИНАСЫ

МҰХИТ АСЫП КЕРЕГІ ЖОҚ

Қатерлі ісік ауруларын алматылық дәрігерлер де заманауи әдіспен емдейді

Кейінгі бес жылда Алматыда қатерлі ісікке шалдыққан науқастар үшін онкологиялық көмек қызметі айтарлықтай жақсарды. Мегаполис медицинасына озық технологияларды енгізу, емдеу әдістерін жетілдіру және мамандардың біліктілігін арттыру обыр дертінің диагностикасы мен терапиясын айтарлықтай ілгерілетуге мүмкіндік берді.

Бүгінде Алматы онкологиялық орталығының науқастарына қандай мүмкіндіктер қолжетімді екені туралы тарқатайық.

Бұған дейін біздің науқастар Оңтүстік Корея, Түркия, Германия клиникаларына қомақты қаражат жұмсап, шетелден ем іздеуге мәжбүр еді. Енді заманауи озық технологиялар Алматыда да қолжетімді. Орталық мамандары оңалту кезеңін айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік беретін аз инвазивті әдістерді енгізді. Барлық хирургиялық араласулардың (операцияның) жартысынан көбі минималды инвазивті тәсілмен жасалады.

Осы ретте аталған орталықта молекулалық диагностика, мақсатты терапия, иммунотерапия, лапароскопиялық және роботтық операциялар, сондай-ақ радиотерапияның соны үлгідегі әдістері қолданылады. Бұл технологиялар емдеудің жанама әсерлерін азайтуға және оның тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Алматы онкологиялық орталығында 4К-лапароскопия және флуоресцентті диагностика (ICG) сияқты инновациялық әдістер енгізілді. Олар ісіктерді жоғары дәлдікпен, зақымдалған тіндердің шекараларын анықтауға және ота кезінде қанмен қамтамасыз етуді бақылауға мүмкіндік береді. Бұл қайталану қаупін айтарлықтай төмендетеді, дейді онкологтар.

Орталық жұмысының негізгі бағыттарының бірі – онкологиялық ауруларды ерте сатысында анықтау, дер шағында ем-домды бастау. Жыл ішінде



скринингтік тексерулер жүргізілді, олардың қамтылуы жоспарланған көлемнің 100%-ын құраған. Нәтижесінде қатерлі ісікке шалдыққан 293 адам анықталып, олардың 52,2%-ына ертерек диагноз қойылды. Барлық науқас емін уақытылы бастады.

Науқастарға химиотерапияның 50-ге жуық түрі, сондай-ақ 40-тан астам мақсатты және гормоналды препараттар бар. Былтыр 19 883 науқас химиотерапия алды. Бұл көрсеткіш 2023

жылмен салыстырғанда, 5,8%-ға өсті. Амбулаториялық химиотерапия жағдайында 6710 адам емделді.

Иә, осыдан он жыл бұрын қатерлі ісік диагнозы үкім ретінде қабылданды. Бүгінгі жаһандану заманында мүлдем олай емес. Егер ерте анықталса, онкологиялық аурулар 90% жағдайда толығымен емделеді. Сондықтан онколог мамандар халықты үнемі профилактикалық тексеруден өтуге шақырып отырады. Тек өзіміз бей-жай

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрсұлтан ІЗБАҒАМБЕТОВ,
Алматы онкологиялық
орталығының директоры:

ӘЛЕМ
МЕДИЦИНАСЫМЕН
ТЕҢЕСЕ АЛАМЫЗ

Қазақстандық науқастар медицина сырт елде мықты дамыған деген ұғыммен мұхит асып, шетелге жиі кетіп жатады. Дегенмен, нәтижеге қол жеткізе алмағанын, әрі қымбат екенін елге оралған кезде айтып қалады. Қазір біздің мемлекетіміз денсаулық саласынан қаржы аяп жатқан жоқ. Сондықтан заманауи аппараттарымыз да бар, мамандар да білікті. Қымбат оталар медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында тегін жасалады. Сондықтан қалтаға да салмақ түсірмейді. Былтыр онкологиялық орталықта 3 мыңнан астамға операция жасалып, оның 55%-ы аз инвазивті әдіспен жүргізілді. Сәулелік терапия кешенді емдеудің ажырамас бөлігі болып қала береді. Былтыр радиология бөлімінде 1202 науқасқа 20 537 сеанстар өткізілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда, 7,7%-ға көп.

Біздің мақсатымыз – аурумен күресу ғана емес, науқастың өмір сүру сапасын сақтау. Озық технологияларды, оңалту бағдарламаларын және психологиялық қолдауды қамтитын кешенді тәсілдің арқасында еліміздегі онкологиялық көмек әлемдік стандарттарға сәйкес келеді.

болмасақ екен. Елімізде скринингтік тексерулер мемлекеттік медициналық көмек аясында тегін жасалады. Біздің елде жатыр мойны, сүт безі, колоректальды қатерлі ісік және онкопатологияның басқа түрлеріне скрининг белсенді жүргізілуде.

Алматыда онкологиялық хирургия халықаралық стандарттарға сәйкес дамуда. Дәрігерлер Ресей, Германия, Израиль, Қытай және АҚШ-тың жетекші клиникаларында тағылымдамадан өтеді. Сондықтан алматылық онкологтар ешкімнен осал емес.

ТҰСАУКЕСЕР

Жамбыл атындағы мемлекеттік жасөспірімдер кітапханасында Халықаралық сирек кездесетін аурулар күніне орай «Зара өзінің жолақтары туралы айтады» балалар кітабы таныстырылды.

Зара – зебра-кейіпкер. Ол адамдар арасында сирек кездесетін дертке шалдыққан балаларды өзін өзге қатарластарынан кем санамауға үйретуге ұмтылады, олардың өз диагнозын қабылдай алуына көмектеседі. Сондай-ақ, кішкентай ала құлан сөзінің соңында ересектерге ерте диагностиканың, уақытылы медициналық көмек пен психологиялық қолдаудың маңыздылығын да айтып кетеді.

Республикалық электронды денсаулық орталығының мәліметіне сүйенсек, бүгінде

елімізде 80 мыңнан астам адам сирек кездесетін аурулармен күн кешуде. Олардың 20 мыңға жуығы бала.

AstraZeneca компаниясы шығарған ерекше туынды – балаларға арналған осы бағыттағы ең алғашқы кітап. Қазақша және орысша басылған. Кеш барысында отандық белгілі цирк артисі Мұрат Мұтырғанов кітаптан үзінді оқыды. Ал «Жаңа өмір» қоғамдық қоры пациенттер ұйымының өкілі Салтанат Махамбетова сирек кездесетін аурулардың ерте диагностикалау қажеттілігі, терапияның қолжетімділігі, отбасыларға әлеуметтік, психологиялық қолдау көрсету маңыздылығы туралы сауалдарға жауап берді. Иә, сирек кездесетін дерттермен ауыратын науқастармен жұмыс істеу-

де, диагностикадан бастап қажетті терапияны алуға дейінгі қиын жолда адамдарға қолдау көрсетуде пациент ұйымдары да маңызды рөл атқарады.

Айта кетейік, AstraZeneca – онкология, кардиология, нефрология, метаболикалық бұзылулар, респираторлық аурулар және аутоиммундық аурулардың терапевтік салаларында рецепт бойынша берілетін дәрі-дәрмектерді ашуға, дамытуға және коммерцияландыруға бағытталған ғылыми негізделген жаһандық биофармацевтикалық компания. Компания 100-ден астам елде жұмыс істейді және оның инновациялық препараттарын бүкіл әлем бойынша миллиондаған пациент пайдаланады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гюзель ХУДАЙБЕРДИЕВА,
Алматы қаласының штаттан тыс бас
балалар неврологы:

МОЛЕКУЛЯРЛЫҚ
ДИАГНОСТИКА
ҚОЛЖЕТІМДІ

Сирек кездесетін аурулармен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруды жақсарту үшін былтыр елімізде УМС базасында сирек кездесетін ауруларды диагностикалау мен емдеу тәсілдерін біріздендіруге және молекулярлық диагностиканың қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік беретін Республикалық орфандық аурулар орталығы құрылды. Алматыда №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасының базасында ҚМУ балалар неврологиясы кафедрасымен бірлесіп, сирек кездесетін кеселдерге шалдыққан балаларға білікті көмек көрсету үшін диагностикалық мүмкіндіктері кең, жоғары дәрежелі дәрігерлерден тұратын үлкен көпсалалы топ құрылды. Ал бүгінгі кітаптың тұсаукесері сирек кездесетін аурулар туралы хабардар ету және оларды дер кезінде диагностикалаудың маңыздылығын арттырудағы тағы бір қадам болды деп санаймын.



Бетті дайындаған Нұржамал ӘЛІШ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫ ШЕШІМІН МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТУРАЛЫ	
АҚПАРАТ	
Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы №194 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2025 жылғы 7 наурызда №207712 болып тіркелді.	
ШЕШІМ	
2024 жылғы 25 желтоқсандағы	№194
Алматы қаласы аумағының қала құрылысы регламентін бекіту туралы	
«Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 12) тармақшасына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ : 1. Қоса беріліп отырған Алматы қаласы аумағының қала құрылысы регламенті бекітілсін. 2. Осы шешім 2025 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.	
Алматы қаласы мәслихатының төрағасы	М.ОТЫНШИЕВ

Алматы қаласы мәслихатының
2024 жылғы 25 желтоқсандағы
№194 шешімімен бекітілген

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ АУМАҒЫНЫҢ ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ РЕГЛАМЕНТІ	
1-ТАРАУ. Жалпы ережелер	
Алматы қаласы аумағының қала құрылысы регламенті (бұдан әрі – Қала құрылысы регламенті) Қазақстан Республикасының «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заңының 3-бабының 12) тармақшасына, Қазақ-стан Республикасының «Қазақстан Республи-касындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 41-бабына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі №505 бұйрығымен бекітілген Қала құрылысы жо-баларын (елді мекендердің бас жоспарлары, егжей-тегжейлі жос-парлау жобалары мен құрылыс салу жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 3 мамыр №349 қаулысымен бекітілген Ал-маты қаласының бас жоспарын (бұдан әрі – Бас жоспар) іске асыру мақсатында әзірленді.	
Қала құрылысының регламенттері – бұл аумақтарды (жер учас-келерін) және басқа да жылжымайтын мүлік объектілерін пайдала-нудың, сондай-ақ олардың жай-күйінің заңнамада белгіленген тәртіппен жол берілетін кез келген өзгерістерінің режимдері, рұқсат-тары, шектеулері (ауыртпалық салуды, тыйым салу мен сервитуттар-ды қоса алғанда). Қала құрылысының регламенттері мемлекеттік нормативтерге сәйкес орындалған қала құрылысы және сәулет-құ-рылыс құжаттамасымен белгіленеді.	
Функционалдық аймақтарды салу аумағының регламентін іске асырудың негізгі қағидаттары 2040 жылға дейінгі кезеңге Алматы қаласының бекітілген бас жоспары бойынша оларды жобалық ай-мақтарға бөлуді ескере отырып (<i>ҚРҚБҚ 3.01-01-2002 «Қала құры-лысын аймақтарға бөлу жоспарларын әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі мен қағидалары»</i>), қала құрылысы, экологиялық және құры-лыс регламенттерінің мақсаттары үшін аумақтық аймақтарды пайда-лану қағидаларын қалыптастыру болып табылады.	
Қала құрылысын аймақтарға бөлу картасында белгіленген жыл-жымайтын мүлікті рұқсат етілген пайдалану түрлері мен параметр-лері бойынша қала құрылысы регламенттеріне ғана емес, сондай-ақ экологиялық шарттар, ескерткіштерді қорғау шарттары және осы аймаққа түсетін басқа да жоспарлау шектеулеріне сәйкес келетін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат етілген деп есептеледі.	
Аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлу және аумақтар регламентімен әзірленген аймақтар, аудандар, учаскелер аумақта-рының, жылжымайтын мүліктің кешендер объектілерінің, жобалау алаңдары мен мекенжайларының қала құрылысы регламенттері Алматы қаласының аумағында қала құрылысы және шаруашылық қызметті реттеу мақсатында қолданылуы тиіс.	
Алматы қаласы аумағының қала құрылысы регламенті: бекітілген Бас жоспардың шешімдерін іске асыруды; жер пайдаланудың және қала аумағында құрылыс салудың тиімділігін арттыруды; нысаналы мақсаты бойынша объектілермен құрылыс салу жоба-сы үшін аумақтарды резервтеуді; тұрғын үй құрылысына, инженерлік, өндірістік және әлеуметтік инфра-құрылымға, сондай-ақ аумақтарды өзге де жайластыруға инвестициялар тартуды;	

стратегиялық тәсіл негізінде аумақты дамыту; қалалық жылжымайтын мүлік нарығын (жер учаскелерін, ғима-раттарды, құрылыстарды) дамытуды; жер учаскелерін сатып алуға төлем мөлшерін және жер салығы-ның дифференциалдық мөлшерлемесін негіздеу бойынша жер учаскелерінің (бағалық аймақтарға бөлу) қала құрылысы құндылы-ғын анықтау үшін және тиісінше жергілікті бюджетке салықтық түсім-дердің көбеюіне негіз болады; қала құрылысы құралдарымен тұрғындардың өмір сүруінің қо-лайлы жағдайлары, оның ішінде қоршаған табиғат ортасына шаруа-шылық және басқа да қызметтің зиянды әсерін шектеуді және оны қазіргі және болашақ ұрпақтың мүддесі үшін ұтымды пайдалануды; жылжымайтын мүлікті өзгерту ниетінің ауқымын және олардың басқа қызметтермен сәйкестігін; қала аумағының барлық әлеуетті құрылыс салушыларға құрылыс салудың бір түрінен екінші түріне бірқалыпты көшіру үшін Егжей-тег-жейлі жоспарлау жобаларын (ЕЖЖ) әзірлеу кезінде шарттарды белгілеуді; қала аумағында су қорғау аймақтары және өзендер мен су ай-дындарының алаптарын пайдалануды ретке келтіруді; жер учаскелерін жеке және заңды тұлғаларға аукциондарда беру үшін оларды таңдау актілерін дайындау кезінде регламенттерді белгілеуді қамтамасыз етеді.

2-ТАРАУ. Аумақтың регламентін қалыптастыру жөніндегі қала құрылысы стратегиясының негізгі ережелері

Алматы қаласының аумағында Заңға және Қазақстан Республи-касы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі №505 бұйрығымен бекітілген Қала құрылы-сы жобаларын (елдімекендердің бас жоспарлары, егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мен құрылыс салу жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына сәйкес Қала құрылысы регламентінің 1-қосымшасына сәйкес Қала құрылысы регламенттері үшін аймақ-тардың функционалдық түрлері мен типтерінің жіктегішінде көр-сетілген функционалдық аумақтық аймақтардың 10 түрі және 43 типі белгіленген.

Алматы қаласының функционалдық аумақтық аймақтары Бас жоспарға сәйкес, осы Қала құрылысы регламентінің 2.1, 2.2, 2.3-қо-сымшаларына сәйкес Алматы қаласының аумағын функционалдық аймақтарға бөлу схемаларында белгіленген.

3-ТАРАУ. Алматы қаласы аумағының қала құрылысы рег-ламенттерінің карталары

Алматы қаласының аумағындағы жер учаскелерінің базалық, құрылымдық бірлігі болып мемлекеттік қала құрылысы кадастрының жоспарлау құрылымы элементтерінің мынадай аумақтық бірліктері айқындалды: 7 жоспарлау аймағы, 64 кадастрлық округ, 512 ка-дастрлық сектор және 9445 кадастрлық орам, олар қала аумағын функционалдық аймақтарға бөлуді әзірлеу кезінде ең шағын жос-парлау бірлігі болып табылады.

Осы бірліктердің шекаралары қызыл сызықтар, өзендер және басқа да табиғи және жасанды шекаралар (әкімшілік аудандар) болып табылады.

Жоспар Алматы қаласының аумағында қала құрылысы қызметін реттеу карталарына сәйкес функционалдық аймақтар аумағында қала құрылысы қызметіне мынадай жоспарлы шектеулерді белгі-лейді:

1) Алматы қаласының аумағындағы қала құрылысы қыз-метін реттеудің қоршаған ортаны қорғау аймақтарының кар-талары

Қоршаған ортаны қорғау аймақтарының карталарында табиғи ресурстарды қолдау бойынша қала құрылысы регламенттерін қалыптастыратын, урбанизацияланған аумақтың оңтайлы мекендеу ортасын құратын және келесі бағыттар бойынша қала құрылысы қызметін реттейтін аймақтардың түрлері ұсынылған:

Осы Қала құрылысы регламентінің 3.1-қосымшасына сәйкес Алматы қаласының аумағын кешенді экологиялық аймақтарға бө-лудің карта-схемасы;

Осы Қала құрылысы регламентінің 3.2-қосымшасына сәйкес Ландшафтты сақтау бойынша Алматы қаласының аумағын ланд-шафттық аймақтарға бөлудің карта-схемасы;

Осы Қала құрылысы регламентінің 3.3-қосымшасына сәйкес Алматы қаласының аумағындағы су қорғау аймақтарының, өзендер мен су айдындарының жағалау белдеулерінің карта-схемасы;

Осы Қала құрылысы регламентінің 3.4-қосымшасына сәйкес Алматы қаласының ерекше қорғалатын табиғи аумақтары аймақ-тарының карта-схемасы;

Осы Қала құрылысы регламентінің 3.5-қосымшасына сәйкес Зираттардың, өнеркәсіптік кәсіпорындардың санитарлық-қорғау аймақтарының карта-схемасы;

Осы Қала құрылысы регламентінің 3.6.1 және 3.6.2-қосымша-ларына сәйкес Тұрғын үйлер мен қоғамдық кешендерді орналастыру үшін қала аумағында жел аудандастыру картасы.

2) Алматы қаласының аумағындағы қала құрылысы қыз-метінің жоспарлау шектеулері аймақтарының карталары

Бас жоспарда айқындалған Алматы қаласының аумағы бойын-ша жоспарлау шектеулер қала құрылысын игеру үшін барлық функ-ционалдық аймақтардың аумағын таңдау мәселесін шешуде бастап-қы айқындаушы фактор болып табылады.

Алматы қаласының аумағын салу бойынша негізгі жоспарлау шектеулері карта-схемалар болып табылады:

Осы Қала құрылысы регламентінің 3.7-қосымшасына сәйкес Реконструкция шарттары бойынша аумақты аймақтарға бөлудің карта-схемасы (жалпықалалық орталық жүйесін, құрылысты реттеу

бағыттарын қалыптастыру – қызыл сызықтар, аз қабатты сейсмика-лық берік емес құрылыстар);

Осы Қала құрылысы регламентінің 3.8-қосымшасына сәйкес Инженерлік-геологиялық жағдайлар (сейсмикалық, жарықтар, то-пырақ түрлері) бойынша шектеу аймақтарының карта-схемасы;

Осы Қала құрылысы регламентінің 3.9-қосымшасына сәйкес Қала аумағын (II, III аймақтар) құрылыстық аймақтарға бөлудің карта-схемасы;

Осы Қала құрылысы регламентінің 3.10-қосымшасына сәйкес Қала аумағында қорғалатын тарихи-мәдени мұра объектілерін ор-наластыру картасы-схемасы;

Осы Қала құрылысы регламентінің 3.11.1-қосымшасына сәйкес Алматы қаласының аумағындағы көлік және инженерлік коммуни-кацияларды (Көлік және кәріз коммуникациялары) шеттету жолақ-тарының (санитариялық-қорғау аймақтарының) карта-схемасы;

Осы Қала құрылысы регламентінің 3.11.2-қосымшасына сәйкес Алматы қаласының аумағындағы көлік және инженерлік коммуни-кацияларды (электрмен жабдықтау және газбен жабдықтау комму-никациялары) шеттету жолақтарының (санитариялық-қорғау ай-мақтарының) карта-схемасы;

Осы Қала құрылысы регламентінің 3.11.3-қосымшасына сәйкес Алматы қаласының аумағындағы көлік және инженерлік коммуни-кацияларды (жылумен жабдықтау және суқұбыры коммуникацияла-ры) шеттету жолақтарының (санитариялық-қорғау аймақтарының) карта-схемасы.

4-ТАРАУ. Алматы қаласының функционалдық аймақта-рын рұқсат етілген пайдалану түрлері мен параметрлері бой-ынша аумақтың қала құрылысы регламенттері

Құрылыс салудың функционалдық мақсаты мен параметрлері бойынша аймақ аумағын бөлуге қойылатын қала құрылысы талап-тары аумақты пайдалану түрлерінің арнайы келісімі бойынша ғана рұқсат етілгендер тізбесін және рұқсат етілетіндер тізбесін білдіреді. Арнайы келісім бойынша ғана рұқсат етілетін аумақты пайдалану түрлері бойынша аймақ ауданының үлесінің ең жоғары мәні белгіле-неді.

Осы Қала құрылысы регламентіне 4.2-4.18-қосымшаларда рег-ламенттелетін тізбелерде келтірілмеген аумақты пайдалану түрлеріне тыйым салынады.

Осы Қала құрылысы регламентінің 4.2-4.18-қосымшаларында-ғы тізбеде көрсетілген әрбір аймақта аумақты пайдаланудың рұқсат етілген түрлері бойынша:

негізгі функцияларды ең төменгі (кем емес); негізгіге ілеспе (негізгі функцияларға қызмет көрсететін және оларды жүзеге асыруға байланысты) функцияларды – ең төменгі және ең жоғары (_ - ден _ дейін);

басқа функцияларды ең жоғары (артық емес) жүзеге асыруға арналған аймақ алаңының үлесінің мәні белгіленеді;

қаланың аэрациялық режимін есепке алу – бұл қала аумағын табиғи түрде реттелетін желдету.

Алматы қаласының функционалдық аймақтары аумағының қала құрылысы регламенттері осы Қала құрылысы регламентінің 4.1-4.18-қосымшасында келтірілген:

4.1-қосымша Алматы қаласы аумағының жел картасы және оның аэрациясын ескере отырып, қала аумағында құрылыс салу қағидаттары;

4.2-қосымша Ж-1 – Үй-жайлық құрылыс;

4.3-қосымша Ж-2 – Жер учаскесі кемінде 100 м2, кемінде 150

м², кемінде 200 м² болатын блоқты құрылыс (1-2 қабат);

4.4-қосымша Ж-3 – Аз қабатты құрылыс аймағы (2-3 қабат);

4.5-қосымша Ж-4 – 4-5 қабатты көп пәтерлі тұрғын үйлер айма-

ғы;

4.6-қосымша Ж-5 – 6-12 қабатты көп пәтерлі тұрғын үйлер ай-

мағы;

4.7-қосымша Ж-6 – «Сейсмикалық микроаймақтандыруды ес-кере отырып, Алматы қаласының аумағын салу» 2.03-31-2020 ҚР ҚЖ 6.2-тармағына сәйкес 12 қабаттан жоғары құрылыс (кешенді реконструкциялау);

4.8-қосымша ОЦ-1 – Жалпықалалық орталық жүйесінің (ЖОЖ) аумақтары;

4.9-қосымша ОЦ -2 – Мамандандырылған орталықтардың ау-мақтары;

4.10-қосымша ОЦ-3 – Жергілікті орталықтардың аумақтары;

4.11-қосымша О – Орамдық құрылыс тұрғындарына күнделікті қызмет көрсету аймақтарының учаскелері;

4.12-қосымша П – Өндірістік (өнеркәсіптік) аймақ;

4.13-қосымша Р – Рекреациялық аймақ;

4.14-қосымша Т – Инженерлік және көлік инфрақұрылымының аймақтары;

4.15-қосымша АС – Қалалық аграрлық сектор аумақтарының аймақтары;

4.16-қосымша С – Арнайы мақсаттағы аймақтар;

4.17-қосымша РТ – Режимдік аумақтар аймақтары;

4.18-қосымша НТ – Резервтік аймақ;

Функционалдық аймақтардың жекелеген түрлері бойынша жер учаскелерін пайдалану параметрлерінің мәндері болмаған жағдайда «Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізбесі» сәулет, қала құрылысы және құрылыс каталогы (СҚҚК-1) басшылыққа алынуы тиіс.

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы №194 шешімінің толық нұсқасын www.aqshamnews.kz сайтынан оқи аласыздар.

Қош келдің, әз-Наурыз!

Наурыз мейрамы – қазақ хал-қының ең маңызды мереке-лерінің бірі. Ол көктемнің келуін, жаңару мен жаңғыртуды білді-реді. Жер-Ананың, табиғаттың жаңаруын, көктемнің келуін той-лайтын қазақ халқының ұлттық мерекесі.

Алматы қаласы бойынша Қазына-шылық департаментінің ұжымы Нау-рыз мейрамына арналған іс-шаралар өткіземіз. Іс-шара барысында дәстүрлі

тағамдар ұйымдастырып, әріптес-терімізбен бірге наурыз көже, бауыр-сақ, құрт, қазы-қарта сияқты ұлттық тағамдар дайындаймыз. Сонымен қатар, әріптестерімізбен бірге ұлттық нақышта ұлттық киім киеміз, жалпы ұжым болып жақсы көңіл күй сыйлай-мыз. Тағы айта кететін бір жайт, салт-дәстүрге байланысты өзіндік іс-шара-мен қоса мәдени іс-шаралар, концерттер мен шағын қойылым ұйымдастырамыз. Ән айтып, би би-леп, қазақтың ұлттық ойындарын да естен шығармаймыз. Наурызды ұжыммен бірге тойлау арқылы адам-дар арасында өзара түсіністік, достық пен ынтымақ нығаяды. Бұл мейрамды

атап өту – тек өткенді еске алу ғана емес, сонымен қатар, болашаққа үмітпен қарау, салтымызды ұмытпау, жас ұрпаққа із қалдыру, бірлікті кү-шейту мақсатында өткізіледі.

Алматы қаласы бойынша Қазына-шылық департаментінің ұжымы Нау-рыз мейрамында бір-бірімізге жақсы тілектер айтып, сый-құрмет көрсетіп, ақ дастархан басында жиналып, ме-рекенің қуанышына ортақтасамыз. Ең бастысы, біз ұжым болып Наурыздың тарихы мен дәстүрлері туралы ашық үстелде ортаға салып атап өтеміз. Нау-рыз мейрамы әр жыл сайын ерекше әрі есте қаларлықтай болып атап өті-леді. Алматы қаласы бойынша Қазы-

нашылық департаментінің ұжымы барша Қазақстан халқына жүрекжар-ды ақ тілегін жолдайды.

Наурыз мейрамы барша қазақ-стандықтарға, мұсылман қауымына тек жақсылық пен молшылық, ты-ныштық пен береке әкелсін! Бауыры-мыз бүтін, отбасымыз аман болсын!

Ізгі ниетпен, Алматы қаласы бо-йынша Қазынашылық департа-ментінің ұжымы.

**М.ӨМІРБЕК,
Алматы қаласы бойынша
Қазынашылық департа-ментінің бас
маман-бас қазынашысы.**



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

ТӨЛ ӨНЕРДІҢ ЖАҢА ЖАРШЫЛАРЫ

Құрманғазы консерваториясының студенттік ансамблі

Қазақтың дәстүрлі музыкасы – әні мен күйі мәдени мұрамыздың бай қазынасының бір бөлігі. Төл өнерді сақтап, дамытуда кәсіби өнерпаздар арасындағы ұрпақ сабақтастығы өзінше маңызды. Қазақ ұлттық өнерінің алтын бесігі саналатын Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы – еліміздегі кәсіби музыка мамандарын даярлайтын іргелі оқу орны. Бүгінде осы оқу ордасының қабырғасында түрлі студенттік ансамбльдер құрылып, күйшілік өнерді жаңғыртуда ерекше үлес қосып жүр.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Сондай шығармашыл топтардың бірі біздің бүгінгі тақырыбымызға арқау болды. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында құрылған жаңа студенттік ансамбль – төл өнерді дәріптеуді мақсат еткен жастардың бастамасы.

Ансамбль мүшелері – қобыз бен домбыра аспаптарында шебер ойнайтын талантты студенттер. Үш жігіт пен үш қыздан құралған топ қазіргі таңда өздеріне лайықты ансамбль атауын ойластыру үстінде. Ресми атауы әлі бекітілмеген. Алайда, бұл олардың шығармашылық ізденістері мен мәдени іс-шараларда өнер көрсетуіне кедергі емес. Студенттік ансамбль консерватория қабырғасында өтетін түрлі



концерттер мен жиындарда өнер көрсетіп келеді. Мұндай ансамбльдер қазақтың төл аспаптарын біріктіріп, дәстүрлі музыкаға өзгеше реңк қосады. Мысалы, қобыз бен домбыраның үндесуі ұлттық күйлер мен шығармаларға айрықша әр береді.

«Басты мақсат – қазақтың дәстүрлі музыкалық мұрасын дәріптеп, елдегі және халықаралық деңгейдегі байқауларға қатысу», – дейді профессор Шолпан Заданқызы.

Ал ансамбль мүшесі Айым Медет болашақта топ құрамын кеңейтіп, кәсіби

деңгейін одан әрі жетілдіруді мақсат етеді. Айым Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы қобыз мамандығында 3-курста оқиды. Ол бала кезінен қобызға қызығып, келешектегі өнер жолын осы аспаппен байланыстырады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Шолпан РАУАНДИНА,
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры:

ӘР ЖАС ОРЫНДАУШЫНЫҢ
ПАРЫЗЫ

Оқу орнында білім алып жүрген студенттер ұлттық аспаптарды меңгеріп қана қоймай, қазірден бастап кәсіби орындаушы ретінде шыңдалуы керек. Сондықтан осылай топ құрып, төл аспаптарымызды біріктіріп өнер көрсетуі оқытушылары үшін де өте

маңызды. Мен Құрманғазы консерваториясы Халық музыкасы факультетінің Қобыз-баян кафедрасында дәріс беремін. Қобыз аспабына деген қызығушылық артқанын байқаймын. Қобыз мамандығына қабылданатын студенттер міндетті түрде балалар музыка мектебінде немесе музыкалық колледжде білім алып келеді. Яғни аспапты меңгеріп келеді. Ал консерваторияда деңгейін одан әрі жетілдіріп, нағыз өнер иесі болу үшін оқиды.

Біз студенттердің дәстүрлі ансамбльдері көбіне өздерінің бастамасымен құрылады. Ұстаздары тарапынан әрдайым қолдау көрсетіп, шығармашылық бағытта демеп отырамыз. Қазақ музыкасын насихаттау әрбір жас орындаушының парызы деп ойлаймын. Орындаушылық шеберліктерін дамытады әрі қазақ музыкасының дамуына серпін береді.

Әділет СӘБИТҰЛЫ,
ансамбль мүшесі:

МУЗЫКАДА ШЕКТЕУ ЖОҚ

Мамандығым – домбырашы. Осыдан 3-4 ай бұрын студенттік ансамбль құрып, өнер көрсетуді бастадық. Қазақ халқының ұлттық аспаптарын, күйлерін кеңінен насихаттап, жұртшылыққа музыкалық мәдениетімізді тереңірек түсіндіргіміз келеді. Кейінгі кездері өзіміздің көне аспаптарына қызығып жүрмін. Қазір сыбызғыны үйреніп жүрмін. Әлемдік ұрмалы аспаптар қатарына жататын кахон аспабында да ойнай аламын. Шамамен, 100-ге жуық күй білемін. Менің ойымша, әр орындаушы күйді сапалы орындау керек. Кейбіреуі күйдің басын жақсы бастап, ортасында немесе соңында нотадан кателік жіберіп жатады. Ең бастысы – сапалы орындау. Ол авторға деген, ұлттық өнерге деген құрмет деп білемін.

Студенттік ансамбльге келер болсақ, біз көбіне

консерватория ішіндегі іс-шараларда өнер көрсетеміз. Оқу орнының тарапынан бізге үлкен қолдау көрсетіледі. Ұлттық киімдермен қамтамасыз етіп, шығармашылығымызды дамытуға жағдай жасайды. Ансамбльдің кәсіби деңгейде дамуы үшін ұстаздарымыз да көмектесіп отырады.

Оқуымды аяқтаған соң қазақтың ұлттық өнерін әлемге танытуды армандаймын. Музыкада шектеу жоқ. Халық шығармаларымен шектеліп қалмай, әлемдік әуендерді домбыраға лайықтап орындауға болады. Төл аспаптардың мүмкіндігі де көп. Соны кеңінен пайдалану керек.



Айым МЕДЕТ,
студенттік ансамбльдің мүшесі:

«АДАЙ» КҮЙІ
ЖИІ СҰРАНЫСҚА ИЕ

Консерваторияға түскенге дейін музыкалық колледжде қобыз және фортепиано аспаптарын қатар меңгердім. Қазір осы екі аспапта ойнай аламын. Қобыз – күрделі аспаптардың бірі. Себебі, онда гриф жоқ, ал орындаушы саусақтарының ұшымен емес, тырнақпен ойнайды. Скрипкада саусақтың ұшымен ойнайды, ал қобызда дыбысты тырнақпен шығарамыз. Осыған байланысты кейде саусақ қажалып,



қанап кететін кездер болады. Бірақ қобыздың үні жаныма жақын. Сол себепті, осы мамандықты таңдадым. Қобыз бен домбырадан құралған ансамбль құру бастамасын Ақнұр деген 4-курс студенті көтерді.

Ансамбль репертуарында негізінен қазақтың дәстүрлі күйлері бар. Құрманғазы, Сүгір, Тәттімбет шығармаларын жиі орындаймыз. Көпшіліктің сұрауында да осы авторлардың күйлері. Әсіресе, Құрманғазының «Адай» күйі жиі сұранысқа ие. Қазір консерваториядағы іс-шараларға, шағын концерттерге қатысып жүрміз. Ал болашақта республикалық және халықаралық мерекелік жиындарда ансамбль ретінде қатысуды жоспарлап отырмыз.